



Негізі 1913 жылы 2 ақпанда қаланған республикалық газет



№ 44 (941), 16 қараша, 2018 жыл



Редакциямен байланыс:
+7 702 101 68 40

БРИФ жаңалықтар

ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН ҚАЛАЙ ОНЛАЙН АУЫСТЫРУҒА БОЛАДЫ?



Енді қазақстандықтар жүргізуші куәлігін Электрондық үкімет порталы арқылы онлайн ауыстыра алады. Бұл қызмет Астана, Алматы қалалары мен облыс орталықтарының тұрғындарына ұсынылады.

ЖАҢА ЖЫЛДАН БАСТАП КІМДЕРДІҢ ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОНДАРЫ ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ҚАЛАДЫ?



2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап IMEI-код + SIM-карта + тұлғаның ЖСН-ні (ИИН) сызбасы бойынша абоненттік құрылғыларды міндетті тіркеу ережесі күшіне енеді. Тіркелмеген абоненттерге байланыс қызметі көрсетілмейді. Сондықтан азаматтар осы жылдың соңына дейін өз құрылғысын тіркеуі қажет.

ЖАТАҚХАНА ЖЫРЫ ҚАШАН БІТЕДІ?



Батыс Қазақстан облысында 2 250 студент жатақханаға мұқтаж. Оның 500-і жоғары оқу орнында, 1 750-і колледжде оқиды. Жастардың түйткілді мәселесіне орай Елбасы «Бес әлеуметтік бастамасында»: «...Бәрімізге белгілі, басқа қаланың жастары қаланың шетіндегі ескі үйлерді жалдауға мәжбүр. Осыдан кейін сапалы білім алу туралы сөз қозғау мүмкін бе?» – деген болатын...

ДҮЛДҮЛ ДИМАШ



Музыкада мемлекет пен тіл шекарасы болмайды. Ғасырда бір туатын талант иесі Димаш Күдайбергелен осы қағиданы күллі әлемге дәлелдеді. Қаршадай ғана қазақ баласы Ұлы дала елінің өнері мен мәдениетін төрткүл дүниеге паш етіп, миллиардтаған халықты мойындатты.

Өзбекстанның бейтарап саясат ұстанғаны билік басына 1991 жылы Ислам Каримовтің (1938-2016) келуімен байланысты еді. Бүгінгі таңда Өзбекстанның тәуелсіздік жылдарындағы саяси жағдайын екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Оның біріншісі – Каримовке дейінгі, ал екіншісі – Каримовтен кейінгі дәуір. Ендеше, «Qazaq» газеті көрші елдің өткені мен бүгініне тоқталады.



ӨЗБЕКСТАН: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН

06

07



«BALBALA» ОЙЫНШЫҚТАРЫ

Ойыншықтар балдырғанның дүниетанымын қалыптастырып, қабілетін шыңдауға көмектеседі. Жас ұрпақтың келешегіне алаңдайтын кез келген мемлекет мұндай жағдайға бейжай қарамайтыны сөзсіз. Бүгін «Qazaq» газеті ойыншықтың пайда болуына қатысты сауалдарға жауап іздеп, алғашқы отандық бренд «Balbala» ойыншықтарының бүгіні мен болашағына сапар шегеді.

БАСПАСӨЗ – 2019

Бұрынғыдай «Қазпоштаға»
бармай-ақ, үйде отырып,
www.postmarket.kz арқылы
газетімізге жазылыңыз!



ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: 64048

Әр шаңырақта „Qazaq” болсын!



Ғасыр тарихы бар «Қазақ» газетіне «Қазпошта», «Еуразия пресс», «Эврика пресс» бөлімшелері арқылы 2019 жылға жазылу басталды

Индекс	Басылым атауы	Жазылу мерзімі	Жазылу бағасы, теңге	
			Қала	Аудан/ауыл
64048	«Қазақ» газеті	6 ай	1 983,48	2 095,20
		12 ай	3 966,96	4 190,40

Ескерту: Жоғарыда «Қазпошта» арқылы газетке жазылу бағасы көрсетілген, ал «Еуразия пресс», «Эврика пресс» мекемелері арқылы газетке жазылу арзанға түседі



САЯСАТ

ЭКОНОМИКА

БІЛІМ

МӘДЕНИЕТ

СПОРТ




ЖҰМАДАН
ЖҰМАҒА ДЕЙІН...

+ 7 (727) 293 86 73

qazaq1913@nur.kz

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ЖҮРГІЗУШІЛЕРГЕ САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ЖОҚТЫҒЫ ҮШІН АЙЫППҰЛ САЛЫНБАЙТЫН БОЛДЫ



Қазақстанда 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап сақтандыру полисін электронды форматта ресімдеуге болады. Осылайша, міндетті сақтандыру шарты бойынша қағаз полистің қажеті болмайды. Жүргізушілер әкімшілік полиция қызметкерлеріне сақтандыру полисі қағазын көрсетуге міндетті емес. Әкімшілік кодекске енгізілген өзгерістер бойынша жаңа жылдан бастап қағаз түріндегі сақтандыру полисінің жоқтығы үшін 5 АЕК

(2018 жылғы ахуал бойынша 12 мың теңгеден астам) көлемінде айыппұл салынбайды. Бұл өзгерістер халық пен бизнес үшін сақтандыру бағасын арзандатып, сақтандыру төлемін алуды жеделдетеді. Қазір Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің 612-бабында көрсетілгендей, көлік иесінің өзімен бірге жүргізуші куәлігі немесе жүргізуші куәлігінің орнына берілген басқару құқығына уақытша куәлігі, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі және тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисі, көлік құралына тіркеу және заңнамада белгіленген өзге де құжаттары болуы тиіс. 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап ӘҚБК 612-бабы 1-бөліміндегі бірінші абзацтағы сақтандыру полисі туралы норма алынып тасталады.

Тағы бір жаңалыққа құлақ түріңіз. Техникалық паспорттарды ауыстыру осы жылдың 1 желтоқсанынан басталады және кезең-кезеңімен жүргізіледі.

Автокөліктің жаңа техникалық паспорттында бұрынғы құжатқа қарағанда меншік иесі туралы әлдеқайда көп мәлімет көрсетіледі. Бұрынғы техпаспорт меншік иесі мен оның көлігі туралы 11 ақпаратты ғана қамтитын. Жаңа құжатта интегралды микросхема – қазақстандықтардың жеке куәлігіндегіге ұқсас чип болады. Онда 21 пункттен тұратын көлік иесі және оның техникалық сипаттамалары туралы ақпарат сақталады.

Көлік иесінің аты-жөні, мемлекеттік нөмір белгісі, кузов және шасси нөмірлері, маркасы, шығарылған жылы, қозғалтқыш көлемі, автокөліктің түсі, санаты және рұқсат етілген жүктің салмағы, Қазақстанда алғаш тіркелген күні, көлік құралын қайта жабдықтау туралы мәлімет, иесінің ЖСН немесе БСН-і және тағы бірнеше пункт қарастырылған. Сонымен қатар, құжатта бұйрық күшіне енгенге дейін берілген бұрынғы техникалық паспорт күшін жоймай, жаңа тіркеу куәліктерімен бірге пайдаланыла беретіні аталып өткен. Ол автокөлікті сатып алу немесе сату және оны қайта тіркеу процесі кезінде ғана алмастырылады.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас мүфти Серікбай қажы Ораздың бастамасымен Алматыда үш мезгіл тегін тамақтандыратын «Уақып» асханасы ашылды. Енді «Уақып» асханасы әр аптаның бес күні жұмыс істейді. Мұнда әлеуметтік аз қамтылған 100-120 адамға үш мезгіл тегін тамақ беріледі. Келген қонақтарға арнаулы бекітілген 7-8 адам әрдайым сапалы қызмет көрсетуге өзір. Азаматтар асханаға Алматының орталық мешіті жанындағы «Ихлас» қайырымдылық қауымдастығынан алынған арнайы талондары арқылы ғана кіре алады. Асхана Сейфуллин даңғылы, №330 (Радищев көшесінің қиылысы) мекенжайында орналасқан. Қосымша ақпарат алу үшін: **+ 7 778 100 3939; +7 708 213 7023; +7 776 719 9957.** Асхананың ашылуына ҚМДБ-ның Алматы қаласы бойынша өкілі Еркінбек қари Керімбекұлы, Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының басшысы Айдар Есенбеков және басқа да айтулы азаматтар қатысты. Олар игілікті іске сәттілік тілеп, құттықтау сөз сөйледі.

ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН ҚАЛАЙ ОНЛАЙН АУЫСТЫРУҒА БОЛАДЫ?



Енді қазақстандықтар жүргізуші куәлігін Электрондық үкімет порталы арқылы онлайн ауыстыра алады. Бұл туралы «Азаматтарға арналған үкімет» коммерциялық емес Акционерлік қоғамы мәлімдеді. «Қазақстандықтар жүргізуші куәлігін Электрондық үкімет порталында ауыстыра алады. Бұл қызмет Астана, Алматы қалалары мен облыс орталықтарының тұрғындарына ұсынылады. Жүргізуші куәлігін онлайн тәртіпте ауыстыру үшін электрондық-цифрлық қолтаңба қажет. Қызмет алушы edov.kz порталында авторизациядан өткеннен кейін электрондық өтінішті толтырып, электронды сандық қолтаңбамен (ЭЦҚ) қол қоюы тиіс. Өтінішпен қоса, фотосурет пен қойған қолының скан-суретін де жолдап, сондай-ақ мемлекеттік баж салығын төлеуі керек. Айта кетейік, жүргізуші куәлігінің баж салығы 1,25 АЕК-ті (3 007 теңге) құрайды», – делінген хабарламада.

Қызметті онлайн тәртіпте рәсімдегеннен кейін жеке кабинеттегі «Қызметтерді ау тарихы» бөлімінен толтырылған электрондық өтінішті және «Қызметтерді төлеу тарихы» бөлімінен мемлекеттік баж салығын төлеу туралы электрондық чекті басып шығару керек.

Дайын құжатты алып кету үшін тұрғылықты жерде орналасқан мамандандырылған ХҚО-ға немесе жол полициясының Тіркеу-емтихан алу бөлімшелеріне бару керек. Өзіңізбен бірге қағазға басып шығарылған өтініш пен чекті, ауыстыратын жүргізуші куәлігін, жеке басыңызды куәландыратын құжатты, психиатриялық және наркологиялық диспансерлерден анықтамаларды, 083-нысандағы медициналық анықтаманы апару қажет.



Жауапты редактор:
Гүлмаржан ҚОСЖАНОВА

ИГІ ШАРА

ЦИФРЛЫ ӘЛЕМНІҢ СЫРЫ НЕДЕ?



Астанада ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ұйымдастыруымен, «Зерде» Ұлттық инфокоммуникация холдингі» АҚ және Astana Hub халықаралық технопаркінің қолдауымен өткен «Digital Bridge» халықаралық инновациялық форумға Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Бақытжан Сағынтаев, Эстония Премьер-министрі Юри Ратас, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Асқар Жұмағалиев, Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев, Ресей Федерациясының Цифрлық даму, байланыс және бұқаралық коммуникациялар министрі Константин Носков, халықаралық IT-қоғамдастығының өкілдері, технология саласындағы танылған сарапшылар, кәсіпорын басшылары, технологиялық кәсіпкерлер, басқа да елдердің мемлекеттік секторларының өкілдері, ғалымдар, цифрлық саланың мамандары, сонымен қатар, венчурлық ұйым өкілдері мен инвесторлар қатысты.

Халықаралық іс-шараның басты мақсаты – Еуропа мен Азия елдерінің арасында диалог алаңын құру арқылы цифрлық трансформация, электрондық үкімет, технологиялық кәсіпкерлік және 4-ші индустриалдық революция идеяларын ілгерілету.

Форумды ашқан ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев алғы сөзінде: «Форумға 2,5 мыңнан астам қатысушы келіп отыр. Сондай-ақ, әлемнің алдыңғы қатарлы компаниялары мен ұйымдарының 200 жетекшісі, мыңдаған инвестор мен түрлі стартап жоба авторлары бар. Осылайша, алға қойған мақсатымыздың жүзеге асуына даңғыл жол ашылды. Өйткені, жобаның басты идеясы – тың идеялардан қуат алып, өзара тәжірибе алмасу, Азия мен Еуропа технологиялық орталықтарының арасында алтын көпір болу», – деді.

Басқосуда сөз алған ҚР Премьер-министрі Бақытжан Сағынтаев Астана алаңында Еуропа мен Азияның арасын жалғайтын виртуалды көпір құру – бұл іс-шараның басты мақсаты екенін тілге тиек етіп, халықаралық форумға көптеген компанияның келгендігін және олардың бір-бірімен байланыс орната бастағандығын атап өтті.

Форум алаңында 50-ден аса қазақстандық және халықаралық спикерлер сөз сөйледі, олардың ішінде «Startup Genome» бас директоры Жан-Франсуа Готье, «CEO Hyperloop Transportation» басшысы Дирк Алборн, Стартап

БӘРЕКЕЛДІ!

QS: ҚАЗҰУ ШЫҒЫС ЕУРОПА ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ 20 ҮЗДІК УНИВЕРСИТЕТТЕР ҚАТАРЫНА ЕНДІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық QS (Quacquarelli Symonds) рейтингінде Шығыс Еуропа және Орталық Азиядағы 20 үздік университеттер қатарына енген Қазақстан ЖОО арасында бірінші білім ордасы атанып, әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігінде жоғары бәсекеге қабілеттілігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Рейтинг сауалнамаларында университеттер тарапынан жүргізілген академиялық зерттеулердің саны және әлемдік беделі ескерілді. Рейтинге ҚазҰУ 19-шы орынды иемденді. Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның үздік 300 жоғары оқу орындарының қатарына қазақстандық 25 ЖОО ғана енді.

УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ

ERASMUS+ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ КҮНІ

2-3 қараша күндері Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің және Алматы аймақтық ректорлар Кеңесінің, Еуропалық Комиссияның білім беру, аудиовизуалды және мәдениет жөніндегі Атқарушы Агенттігінің қолдауымен, Қазақстандағы Еуропалық Одақ Өкілдігімен бірге Қазақстандағы Erasmus+ ұлттық кеңсесінің ұйымдастыруымен Erasmus+ бағдарламасының Ақпараттық күні өтті.

Іс-шараның мақсаты – Қазақстан жоғары оқу орындарының және басқа мүдделі ұйымдардың өкілдерін Erasmus+ бесінші байқауының талаптары, іріктеу рәсімі, ұлттық және аймақтық басымдықтары туралы ақпараттармен таныстыру, сондай-ақ Erasmus+ іс-шараларына қатысуға тілек білдірушілерге практикалық кеңес беру.

Erasmus+ бағдарламасының Ақпараттық күніне Алматы аймақтық ректорлар Кеңесінің төрағасы, Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры Тақир Балықбаев, ҚР-дағы Француз Елшілігі Бас консулдыңының университеттік ынтымақтастығы бойынша аттәшесі Жиль Меметц, Қазақстандағы Erasmus+ бағдарламасының ұлттық үйлестірушісі Шайзада Тасболатова, университеттің профессор-оқытушылар құрамы, республикамыздың өңірлерінен келген жоғары оқу орындарының өкілдері қатысты.

Іс-шара барысында Тақир Балықбаев еуропалық бағдарламалардың маңыздылығына және ерекшеліктеріне тоқталып өтті: «Erasmus+ бағдарламасы білім беру жүйесін тұрақты дамыту мен оның тиімділігін арттыру арқылы қазақстандық білімнің халықаралық деңгейге көтерілуіне ықпал етеді. Бұл бағдарламалар біздің оқытушыларымызға және студенттерге жоғары білім беруде маңызды тәжірибеге ие болуға, бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында кәсіби деңгейін дамыта отырып, жаһандық нарықтық жағдайларға дайын болуға, қажетті дағдыларды қалыптастыру, кәсіби деңгейін көтеру және мәдениетаралық түсіністікті арттыру мүмкіндіктерін береді».

Күн санап көркейіп келе жатқан Астана әлемдік деңгейдегі басқосулар мен халықаралық шаралар өтетін, маңызды мәселелер түйіні шешімін табатын қолайлы ортаға айналды. Еңсесі биік Елордада шымылдығын түрген Digital Bridge халықаралық инновациялық форумы соның айғағы. Төрткүл дүниеден келген қатысушылар Қазақ елінің төрінде бас қосып, цифрландыру саласындағы соңғы әлемдік трендтерді талқылады.

академиясының менторы және кеңесшісі, стартап тақырыбы бойынша сатылымға ең көп шыққан кітаптың авторы Боб Дорф, «Галактика» ғарыш компаниясының негізін қалаушы және иесі Әлия Прокофьева, «Priceline Group» негізін қалаушы Джефф Хоффман, венчурлық капиталдың халықаралық фирмасы «Global Catalyst Partners» төрағасы және тең мердігері Камран Элахиан бар.

«Digital Bridge» халықаралық инновациялық форумы алаңында «Astana Hub» бас атқарушы директоры Джозеф Циглер Қазақстанда инновацияларды дамыту бойынша өз көзқарасымен бөлісті.

«Digital Bridge» форумы бағдарламасында 9 панельдік пікірталас сессиясы қамтылып, шақырылған спикерлер эжәуиелердің тұрақты стартаптарын құру, мемлекетті цифрландыруда «Blockchain» технологиясын қолдану, электрондық үкіметтің дамуына жаңа ақпараттық технологиялардың әсері, ғарыштық инновациялар, Қазақстан технологиялық кәсіпкерлерінің жаңа келешегін қалыптастыру жолы мен инновациялық дамудың басқа да тақырыптарын талқылады.

Форум аясында ҚР Премьер-министрінің орынбасары Асқар Жұмағалиевтің төрағалық етуімен үш номинация бойынша жеңімпаздар анықталып, Қазақстандағы цифрландыру саласындағы ең алғашқы «Digital Bridge Awards» жүлдесін ҚР Денсаулық сақтау министрлігі жеңіп алды. Ресей Федерациясының Байланыс және бұқаралық коммуникациялар министрі Константин Носков «Үздік цифрлық бастама» номинациясын ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановқа табыстады. «Цифрландыру жөнінде ең үздік кеңсе» номинациясын жеңіп алған «Оңай» компаниясын жүлдемен Эстония Премьер-министрі Юри Ратас марапаттады.

«Үздік IT-компания» номинациясы бойынша жүлде «Documentolog» компаниясына бұйырды. Марапатты ҚР Премьер-министрі Бақытжан Сағынтаев табыс етті.

Тобықтай түйін

«Digital Bridge» форумы цифрлық трансформация, электрондық үкімет, технологиялық кәсіпкерлік және 4-ші өнеркәсіптік революция идеяларын ілгерілетуге арналған Еуропа мен Азия елдерінің арасындағы диалогтік алаңды құрайтын жыл сайынғы іс-шара болады деп көзделуде.

Жансая ШЫҒЫСХАНҚЫЗЫ,
«Qazaq» газетінің Астана қаласындағы меншікті тілшісі

ЖОЛДАУ. ТАЛДАУ. ҚОЛДАУ.

МАҚСАТ — АЙҚЫН, МЕЖЕ – БИІК

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 1-тармағына сәйкес ел Президенті Қазақстан халқына елдегі жағдай мен республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайын Жолдау арнайтыны белгілі. 1997 жылдан бастап Елбасының халыққа арнаған Жолдауын бүкіл халық болып күту игі дәстүрге айналды. Жолдау ғаламдық саясат айдынында жүзген Қазақстанның бағыт-бағдарын айқындайтын, ішкі саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелерге бүкіл қоғамды жұмылдыратын, билік органдарына іс-әрекет етудің басым бағыттарын нұсқайтын әмбебаб саяси құжат дәрежесіне жетті. Әлемдік экономикалық конъюнктурада жайлы климат қалыптасып, қазба байлықтарына сұраныс артып, олардың бағасы артқан кезеңде еліміздің шикізат экспортына негізделген экономикасы өрлеп, макроэкономикалық көрсеткіштеріміз шарықтап дамыды.

Сәйкесінше, мұндай игілікті жылдары Елбасының жолдаулары қарқынды даму, әлеуметтік саланы жақсарту рухында болды. Ал, биылғы Жолдау ел тарихына жаңа белес алып келді деуге болады.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан халқы Елбасының көшбасшылығымен теңдесі жоқ серпілді реформалар жүргізді, елді жаңғыртты, мемлекетімізді жаңа биіктерге көтерді. Осындай сындарлы саясаттың арқасында Қазақстан қазір Орталық Азиядағы көшбасшы мемлекетке айналып шыға келді. Қазақ елі өзгелерді де өз өңегісімен өрге бастайтын дамудың дара жолымен үздік үлгіге, ұлағатты ұстазға, жасампаз елге айналды. Біз осы уақыт аралығында саясат пен экономикада үлкен жетістіктерге жеттік. Қазақ жерінде әртүрлі халықаралық форумдар мен жиындарды жоғары деңгейде өткізіп, әлемдік қоғамдастықтың сенімін абыроймен ақтадық. Сол арқылы әлемде бейбітшілік пен келісімнің, сенім мен тұрақтылықтың алтын бесігі ретінде танылды.

Еліміз үнемі көш басында жүру үшін ұдайы ілгері басуы қажет. Алдағы келешекте бізді көптеген салаларды кешенді реформалар мен құрылымдық өзгерістер күтеді. Бұлар Президентіміздің жаңа Жолдауы қойып отырған міндеттерден өрбімек.

Биылғы Жолдау бұған дейінгі халыққа арналған Жолдаулардың заңды жалғасы деп білемін. Онда халықтың тұрмысын одан әрі жақсартуға, еліміздің одан әрі өсіп-өркендеуіне қатысты айтылған маңызды мәселелер қамтылды. Ол бүкіл халықтың, әрбір шаңырақтың, әрбір азаматтың жағдайын жақсартуға бағытталған. Сондықтан да бұл Жолдаудың ең басты ерекшелігі – халықтың әл-ауқатын арттырып, тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталғаны болып отыр. Сол себепті де оны елдің игілігіне бағытталған тарихи құжат деп қабылдауымыз керек.

Қазақстан Республикасы Президентінің биылғы дәстүрлі Жолдауы елімізді одан әрі дамытудың алдағы бағыттарын айқындай түседі.

Еліміз жасампаз 27 жылда дәулетіне сәулеті сай, әлем таныған қуатты мемлекетке айналды. Қазір Қазақстан – өзіндік бет-бейнесі бар, өзіндік ерекшеліктері мен өзіндік ұстанымдары бар табысты мемлекет. Әлемдегі алмағайып дағдарыстар мен қиындықтарға қарамастан экономиканы қарқынды дамытудың инновация мен индустрияландыру жолына түсті.

Бүгінгі күні алға қойған мақсаттарға дәйекті де табанды түрде қадам басып келе жатқан мемлекеттің жаһандық дағдарыс жағдайында да дамуын жалғастыра білгенін бүкіл әлем көрді. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде де, ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық бірлікті сақтауда да, шетел инвестицияларының жоғары деңгейіне, дамыған нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсімде де, энергетика ресурстарын тиімді пайдалануда да, инфрақұрылымды, көлік және байланысты дамытуда да, кәсіби мемлекетті қалыптастыруда да, қысқасы, ұзақ мерзімді жеті басымдықтың барлығында да Қазақстан өз алдына қойған мақсатына жетті деуге болады. Кейбір мақсаттар толық орындала қоймаса да, батыл қолға алынып, жүзеге асырылып жатыр.

Әрине, бұл бүкіл қазақстандықтардың бірлігінің, табанды да қажырлы еңбегінің нәтижесі, ұмтылыстарымыз бен үміттеріміздің жанды көрінісі екені айдан анық. «Біз жаңа міндеттерді атқаруға дайынбыз», деп атап көрсетті Елбасы.

Қазіргі уақытта адамзат жаңа жаһандық сын-тегеуріндермен бетпе-бет келуде. Тарихи уақыттың жеделдеуі, жаһандық демографиялық теңгерімсіздік, жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатер, судың тапшылығы, жаһандық энергетикалық қауіпсіздік, табиғи ресурстардың сарқылуы, Төртінші индустриялық революция, үдей түскен әлеуметтік тұрақсыздықтың қауіпі сияқты сын-қатерлер Қазақстанның алдында бұрын кездеспеген проблемалар туындатуы әбден мүмкін. «Мұндай жағдайда сын-қатерлерге төтеп берудің және мемлекеттің табисқа жетуінің кепілі, елдің басты байлығы – адамның даму мәселесі болып отыр... Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі басты басымдыққа айналғау тиіс» деп атап көрсетті Елбасы. Сондықтан да Үкімет, әрбір мемлекеттік органдардың, мемлекеттік компанияның басшысы жұмыс тәсілдерін өзгертуі қажет деп Президент ерекше атап өтті. Бұрынғы белгіленген «Нұрлы жол», «Нұрлы жер», «Рухани жаңғыру» сынды күрделі жобалардың әрі қарай жүйелі жалғасын тауып, сапалы орындалуына да министрлер мен облыс әкімдерін жұмыла жұмыс істеуге шақырды.

«Әлеуметтік-саяси дағдарысқа ұласатын жаһандық экономикалық дағдарыс Қазақстанға сөзсіз қысым көрсетіп, біздің төзімдімізді сынаққа алатын болады. Сондықтан күн тәртібіне әлеуметтік қауіпсіздік және әлеуметтік тұрақтылық мәселесі қойылады. Біз үшін маңызды міндет – қоғамымыздағы әлеуметтік тұрақтылықты нығайту», деп Елбасы ылғида айтып келеді.

Президент өз Жолдауында елдің шешілуге тиісті міндеттерінің сапалық тұрғыдан өзгергенін атап көрсетіп, кезекті дүниетанымдық серпілс жасау керектігін ескертеді. Қазір мемлекет кемелдікке келді. Демек, бүгінгі күн тәртібі елдің қалыптасу кезеңіндегіден өзгеше болуға тиіс. Себебі, жаңа сын-қатерлерді лайықты қабылдау үшін Ел дамуының жаңа межесі ретінде 2050 жылдың алынуы жайдан-жай өмсе. Біріккен Ұлттар Ұйымында 2050 жылға дейінгі өркениеттер дамуының жаһандық болжамы әзірленген, ал Дүниежүзілік азық-түлік ұйымы 2050 жылға дейінгі болжамдық баяндаманы жариялаған.

Елбасымыз болашақты алыстан болжайтын стратег ретінде мемлекетімізді 2050 жылға дейінгі әлемдегі ең жоғары дамыған 30 мемлекет қатарына енгізуді ұлттық саяси даму стратегиясына негіз ете отырып, осы уақыт ішінде бағындырылуға тиісті жеті басымдықты белгілеп берген еді. Олар: жаңа бағыттың экономикалық саясаты, кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау, әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері, білім және кәсіби біліктілік, мемлекеттілікті, қазақстандық демократияны дамыту, салиқалы сыртқы саясат, жаңа қазақстандық патриотизм.

Елбасымыздың биылғы Жолдауында айтылған алты бағыт та халықты алаңдатқан ең өзекті және күрмеуі қиын мәселелерді оңтайлы шешуге жол ашып береді. Олардың ішінде елдің табысын өсіру, тұрмыс сапасын одан әрі жақсарту, өмір сүруге жайлы орта қалыптастыру, азаматтардың сұранысына сай мемлекеттік аппарат құру, сыртқы саясатты тиімділігін арттыру және әрбір қазақстандықты еліміздегі өзгерістерге атсалысуын қамтамасыз етуге бағытталған жаңа міндеттер халықтың көкейінде жүрген көптеген сауалдарға берілген нақты жауап болды деуге әбден лайық. Мысалы, келесі жылдан бастап, төменгі еңбекақы мөлшерінің 20 пайызға өсуі халықтың күтіп жүрген мәселесі. 1,3 миллион адамның еңбекақысы келесі жылдан бастап өседі. Үш жүз мыңға жуық бюджеттік мекеме қызметшілерінің жалқысы орта есеппен 35 пайызға көбейетін болады. Әсіресе, кәсіби өтілі аз, жаңадан қызметін бастаған мамандар үшін бұл өте үлкен қолдау балатыны анық. Мұндағы мақсат – адамдардың қолайлы өмір сүруіне тікелей жағдай жасау.

Бұлармен қоса, Президентіміздің білім беру, денсаулық сақтау, шағын және орта бизнесті дамыту, қолжетімді баспана, құқық қорғау орындарының жұмысын жетілдіру, сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту, мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру сияқты салаларға ерекше мән беруі ел



Такир БАЛЫҚБАЕВ, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

азаматтарының тұрмыс сапасын жаңа деңгейге көтеретін бастамалар екені айдан анық. Әрине, бұл басымдықтарды халықтың бірауыздан қолдауы олардың қарқынды жүзеге асырылуына, белсенді қатысуына кұман жоқ.

Әрине, «Қазақстан – 2050» Стратегиялық бағдарламасына негізделген бұл Жолдау қазақстандықтар үшін игілікті іс болды. Соның ішінде ауылдың, аграрлық сектордың дамуына серпін әкелетін тұстары да мол.

Жолдауда, міне, осындай нақты межелер белгіленді. Осы бағдарламаларды іске асыру арқылы халықтың әл-ауқаты, тұрмысы одан әрі жақсарып, өмір сүру деңгейі барынша көтерілетіні, қол жеткен жетістіктер баянды етілетіні атап көрсетілді. Ол үшін ең алдымен еліміздің тыныштығы, халқымыздың бірлігі қажет, дей келіп, Елбасы бүкіл қазақстандықтарды қойылған міндеттерді іске асыру жолында жұдырықтай жұмылып еңбек етуге шақырды.

XXI ғасыр – бейбітшіліктің, тұрақтылық пен гүлденудің ғасыры болатынына сенім білдірген Елбасы Қазақстан халқын жарқын болашаққа жол бастайтын адамзат баласының мәңгілік құндылықтары – ерік-жігер мен еңбексүйгіштік, мақсаткерлік қасиеттерді бойға сіңіруге шақырды.

Елбасы белгілеп берген «Қазақстан – 2050» жаңа саяси стратегиясының даму бағыты қазақстандықтарды жаңа белестерді бағындыруға жетелейтін және ортақ мақсатқа топтастыратын тарихи құжат болып табылады.

Елбасының жыл сайынғы Жолдауларының өн бойынан әлеуметтік салаға үлкен мән берілетінін білеміз. Ал, биылғы Жолдауда Елбасының сапалы білім беруді жақсарту, ғылыми-инновациялық жұмыстардың өндіріспен байланысын жандандыра түсу, жастардың жайлы баспанаға қолжетімділігін арттыру және тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілуі, білім беру ісіндегі тәрбиенің рөлі жайлы айтқандары бәріміздің көңілімізден шығады.

Білім жүйесін жаңғыртуда оқыту үдерісіне озық әдістеме мен технологияларды енгізу арқылы әлемдік білім кеңістігіне еркін енуге болатындығын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Ендеше, Елбасымыз айтқандай, халықаралық стандарттарға сай, Назарбаев Университеті мен зияткерлік мектептердегі озық тәжірибелерді қазақстандық білім беру жүйесіне кеңінен таратып, барлық білім беру мекемелерін солардың деңгейіне жеткізу төңірегінде терең ойланғанымыз жөн.

«Іс тетігін кадрлар шешеді» деген қанатты сөз әлі де өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Жоғары оқу орындарында білім беру бар да, сондай-ақ өмірлік тәжірибемен ұштасқан сапалы маман бар. Міне, осы екі нәрсенің ара-жігін ажырату үшін біліктілік деген мәселе бой көрсетеді. Отандық оқу орнының сапасы оны бітірушілердің лайықты жұмысқа орналасуы көрсеткішімен өлшенсе, Елбасы айтқандай, бұл зор ынтыландыру болмақ. Жоғары оқу орнының табыстылығы бағалаудың басты критерийі – оқу бітірген студенттердің жұмыспен қамтылуы, жалақысы жоғары жұмысқа орналасуы екенін еске сала отырып, жоғары оқу орындарын ірілендіру саясатын жүргізу қажеттігіне тоқталды. «Нарықта жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ететіндер ғана қалуы тиіс. Назарбаев Университетінің тәжірибесіне сүйеніп, үздік шетелдік топ-менеджерлерді жұмысқа тарту арқылы әлемнің жетекші университеттерімен әріптестік орнату маңызды, деді Елбасы.

Сайып келгенде, білім беру ісіндегі педагогикалық құрамның сапасын арттыру мәселесі өте көкейтесті екендігі Жолдауда анық көрсетілген. Ендеше, мектептер мен жоғары оқу орындары оқытушыларының біліктілігін көтеру, жауапкершілігін күшейту қажеттілігі күн тәртібіне қойылып отыр. Олай болса, өңірдегі педагогикалық институттардың атқарар міндеттері бұрынғыдан да артып, олардың білікті кад даындау жауапкершілігі тереңдей түспек. Жалпы, жаңа тұрпатты педагог дайындауға жаңа көзқарас қалыптастыруымыз керек.

Ал, мұғалім – қоғамда болып жатқан өзгерістер мен халықтың санасын жаңғыртушы тұлға екендігін ескерсек, «Педагог мәртебесі туралы» заңды әзірлеп, қабылдау тапсырмасы дер кезінде қолға алынған бастама деуге болады.

Біздің елімізде «Білім туралы» заңда белгіленгендей, жоғары оқу орындарының академиялық және өзін-өзі басқаруын кеңейту мүмкіндіктері қарастырылған. Жоғары оқу қызметіне қатысты бірқатар мәселелер олардың құзіреттіліктеріне берілген. Осыған байланысты енді жоғары оқу орындарының қызметіне де талап қушейтілетін болады.

Жолдауда Қазақстанның халықаралық деңгейдегі беделі туралы да өте жақсы айтылған. Біздің тәуелсіз елімізді 27 жылдың ішінде жаһан танып, әлем мойындады. Әлемдік аренада алпауыт мемлекеттермен тең дәрежеде иық тірестіріп тұрарлық беделді орынға ие болды. Жолдаудағы аса бір айта кететін жайт – білім беру ісіндегі тәрбиенің орны. Білім беру ісі патриотизм, адамгершілік, ұлтаралық келісім, толеранттылық, рухани даму, заңға бағынушылық сияқты құндылықтармен астаса жүруі керек екендігі қоғам тарапынан қолдау тауып отырғанын айтуымыз керек. Айтылғандардың бәріне немқұрайды қарамай, тәрбие ісінде ұсақ-түйек болмайтындығын барлығымыз жете түсініп, ата-ана, қоғам мүшесі ретінде көзқарасымызды айқын танытып, жастарымыздың бойына адами құндылықтарды сіңіре білсек, нұр үстіне нұр!

Білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы талай-талай көкжиектерге құлаш сермейтінімізді жете түсінген Президент бұл салаға барынша қамқорлық көрсетіп отыр. Болашақта білімді ұрпақ экономикамыз бен мәдениетімізді, ішкі және сыртқы саясатымызды дамыған мемлекеттер қатарында танытады деп сенеді.

Елбасына оқымыстылар ерекше ризашылығын білдіруде. Жолдаудағы жаңа технологиялар жасауға мүмкіндік туғызатын инновациялық-индустриалдық кластер Назарбаев Университеті жанынан қалану керектігі және Астанада жоғары технологиялық кәсіпорындар құру қажеттілігі туралы айтылған міндеттер межесінен шығу үшін отандық ғалымдар дайын екендігін баса айтқымыз келеді. Отанымыздың күні ертең тұтқасын ұстап, алдыңғы толқынның игілікті ісін ілгері апаратын талантты жастарды тауып, оларды балапандай баулып, қатарға қосу біздер үшін үлкен парыз. Елбасы өз Жолдауында жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге, әлеуметтік бейімделу үдерісінде де пайдалана білу керектігін атап өтті. Ең бастысы, патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары туралы айтылған сөздер барлық ұстаздар қауымына жүктелген міндет екені анық.

2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялауды ұсынған Президентіміздің биылғы Жолдауы – бұл елдің болашағы үшін тереңнен толғанып шешілген өте маңызды құжат екені айдан анық.

Жалпы, Елбасымыздың биылғы Жолдауында Қазақстан халқының жанына, өміріне керек нәрселердің барлығы сөз болып отыр. Енді бүкіл халық болып, ел болып жұмылып, бұған дейін жасалып келген істерді одан әрі жалғастырып, көтерілген мәселелерді бәріне терең мән беру мен жүзеге асыру міндеті тұр.

Бейбітшілікті, ынтымақ пен бірлікті, ұлттық, мемлекеттік саясатты өрістетіп, халықтың көкейіндегісін тауып, елді мұратына жеткізу үшін тың міндеттер белгілеген Елбасы бұл жолы да көрегендік танытты.

ЖҰМАДАН
ЖҰМАҒА ДЕЙІН...

+ 7 (727) 293 86 73

qazaq1913@nur.kz

САЯСАТ ЭКОНОМИКА БІЛІМ МӘДЕНИЕТ СПОРТ

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ҚАЗАҚСТАНДА ТАРИФТЕРІ ЕКІ ЕСЕ АРЗАН БОЛАТЫН ЖАҢА ӘУЕ КОМПАНИЯСЫ ҚҰРЫЛАДЫ



А320» ұшағымен тасымалдайды. Алғашқы уақытта қазақстандық лоукостер 4 ұшақты пайдаланады. 2022 жылы олардың саны 15 ұшаққа дейін артады.

«Бюджеттік әуе компаниясы Қазақстанның қалың бұқарасына арналған. Біз өңірлердегі қарапайым тұрғындардың ұшақпен ұшқанын қалаймыз. Бұл біздің миссиямыз. Сіз өзіңізге кез келген әуе компаниясын таңдай аласыз. Егер жолаушының жүгі болмаса, ол лоукостерді пайдалана алады. Жаңа тасымалдаушы барлық халықаралық қауіпсіздік талаптарына сай болады», – деді «Air Astana» АҚ президенті Питер Фостер.


«Air Astana» президенті жаңа әуе компаниясының басшысы Тім Джорданды таныстырды. Ол «Cebu Pacific» және «Virgin Blue» сияқты бюджеттік әуе компанияларында 15 жыл бойы жұмыс істеген екен.

«FlyArystan» 2019 жылдың көктемінен ұшуды бастауды жоспарлап отыр. Әуе компаниясы Қазақстанның бірнеше қаласына рейс жасайды. Ұшу кестесі мен бағыттар жигілігі 2019 жылдың наурыз айының басында белгілі болады.

Айта кетейік, ҚР Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек жаңа бюджеттік компанияның орташа бағасы шамамен 16-18 мың теңге аралығында болатынын айтты. Билет құны тек орын үшін алынады. Жүк пен тамақтың ақысын бөлек төлеуге болады.

«Almaty Arena» және «Halyk Arena» көпфункционалды кешендерінде қала тұрғындары мен қонақтарына арналған жаппай сырғанаудың үшінші маусымы басталды. Кез келген коньки тебу әуесқойлары енді әр сенбі және жексенбі күндері, сондай-ақ, мереке күндері сағат 11.00-ден 23.00-ге дейін келіп конькимен сырғанауға мүмкіндік алады. Биыл осы екі аренада сеанстардың саны өсіп, онлайн билеттер сатылымға шықты. Енді назарларыңызға барлық сеанстардың уақыты мен кіру бағаларын ұсынамыз: 11.00-ден 13.00-ге дейін балалар – 300 теңге, студенттер мен ересектер – 500 теңге; 13.30-дан 15.30-ға дейін балалар – 600 теңге, студенттер – 900 теңге, ересектер – 1100 теңге; 16.00-ден 18.00-ге дейін балалар – 600 теңге, студенттер – 900 теңге, ересектер – 1100 теңге. 18.30-дан 20.30-ға дейін балалар – 600 теңге, студенттер – 900 теңге, ересектер – 1100 теңге. 21.00-ден 23.00-ге дейін (сенбі күндері), 20.00-ден 22.00-ге дейін (жексенбі күндері) балалар – 600 теңге, студенттер – 1100 теңге, ересектер – 1600 теңге. Билеттерді ticketon.kz, kassir.kz және zakazbiletov.kz сайттарынан сатып алуға болады. Конькилердің жалға беру бағалары: 11.00 – 13.00 уақыт аралығында 34-өлшемге дейін – 500 теңге, 35-өлшемнен жоғарылар – 1000 теңге; 13.30 – 15.30, 16.00 – 18.00, 18.30 – 20.30 уақыт аралықтарында 34-өлшемге дейін – 800 теңге, 35-өлшемнен жоғарылар – 1500 теңге; 21.00 – 23.00 уақыт аралығында 34-өлшемге дейін – 1000 теңге, 35-өлшемнен жоғарылар – 2000 теңге.

ЖАҢА ЖЫЛДАН БАСТАП КІМДЕРДІҢ ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОНДАРЫ ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ҚАЛАДЫ?



2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап тіркелмеген ұялы телефонға байланыс қызметі көрсетілмейді.

«2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап IMEI-код + SIM-карта + тұлғаның ЖСН-ні (ИИН) сызбасы бойынша абоненттік құрылғыларды міндетті тіркеу ережесі күшіне енеді. Тіркелмеген абоненттерге байланыс қызметі көрсетілмейді. Сондықтан азаматтар осы жылдың соңына дейін өз құрылғысын тіркеуі қажет», – деп хабарлады ҚР Ішкі істер министрлігінің ресми өкілі Алмас Сәдуабаев.

Ресми өкілдің айтуынша, жыл соңына қарай ұялы байланыс операторларының филиалдарында дүрбелең болуы мүмкін, сол үшін тіркеу рәсімін дер кезінде жүргізу керек. Бұл ең алдымен азаматтардың мүддесін қорғау үшін жасалып жатыр.

«Егер тіркеуден кейін әлдекімнің телефоны ұрланса, база арқылы оны кім пайдаланып жүргенін анықтауға болады. Базада құрылғының IMEI-коды ұрланған ретінде тіркеуде тұрса, байланыс операторлары да байланысты бұғаттауға мүмкіндік алады», – деп түсіндірді Алмас Сәдуабаев.

IMEI-код деген не? Бұл аппараттың бірегей коды. Оны телефонның артқы қақпағынан, құрылғының қорабынан табуға болады немесе ұялы телефонда ***#06#** командасын енгізсеңіз, экранда шығады.

IMEI-кодты қалай тіркейді? Кодты тіркеу үшін мобильді оператордың кеңсесіне бару керек. Сондай-ақ, онлайн немесе SMS арқылы тіркеуге де болады. Мұндай тіркеудің шарттары туралы өзіңіздің байланыс операторыңыздан біле аласыз.

Айта кетейік, SIM-картасы пайдаланылатын барлық электрондық құрылғыны тіркеу қажет.



Жауапты редактор:
Мадияр ӘЗИЗҰЛЫ

Батыс Қазақстан облысында 2 250 студент жатақханаға мұқтаж. Оның 500-і жоғары оқу орнында, 1 750-і колледжде оқиды. Жастардың түйткілді мәселесіне орай Елбасы «Бес әлеуметтік бастамасында»: «...Бәрімізге белгілі, басқа қаланың жастары қаланың шетіндегі ескі үйлерді жалдауға мәжбүр. Осыдан кейін сапалы білім алу туралы сөз қозғау мүмкін бе?» – деген болатын. Бұл олқылықтың орнын толтыру үшін Мемлекет басшысы жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне арнап жатақхана салуды тапсырды. Президент тапсырмасы бойынша өңірде қандай жұмыстар қолға алынды және қай оқу орындары жатақханамен қамтылмақ? Енді осы сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

ЖАТАҚХАНА ЖЫРЫ ҚАШАН БІТЕДІ?

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕНІҢ ОҢ ШЕШІМІ

Жатақхана салу мәселесі бойынша Батыс Қазақстан облысына арнайы іссапармен келген «Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» АҚ басқармасы төрағасының орынбасары Талғат Матаевтың айтуынша, студенттерді жатақханамен қамту мемлекеттік тапсырыс және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жүзеге асады. Яғни, жеке кәсіпкер меншігіндегі бос тұрған ғимараттарды, мәселен, мемлекет меншігінде, банкте кепілдікте тұрған мүліктер мен бұрынғы қонақүйлерді студенттер үйіне айналдыруға мүмкіндік беріледі. Егер жаңадан салынған құрылыс болса, мемлекеттік тапсырыс шеңберінде кәсіпкерге әр студент үшін 122 айлық есептік көрсеткіш көлемінде, ал құрылыс қайта салынған нысан болса, 47 айлық есептік көрсеткіш бойынша өтемақы төленеді. Аталған жоба студенттердің жатақханаға деген сұранысын қанағаттандырумен қатар кәсіпкерлерге де зор мүмкіндік тудырмақ.

«Жатақхана дегенде ешбір жағдай жасалмаған, тар бөлме емес, студенттің бос уақытын тиімді өткізетін, қажетті қызметті алуына мүмкіндік беретін студент үйі болуы керек. Қаржыны дұрыс бөліп, тиімді жұмсаған кезде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобалары өзін-өзі тез ақтайды. Студенттер үйінде ғаламторға қосылған компьютер, жаттығу залдары және асхана, шаштараз, дәріхана болғаны дұрыс. Осы бағытта кәсіпкерлерді жобаға атсалысуға шақырамыз. Өйткені, мұндай ұсыныс кәсіпкерлер үшін тиімді. Біздің орталық кәсіпкерлерге жаңа жатақхана құрылысын салумен шектелмей, дайын тұрған бос ғимараттарды студенттер үйіне айналдыруға қолдау білдіреді. Бұл үшін мемлекет барлық мүмкіндікті қарастырған. Келісімшарт мерзімі аяқталған соң ғимаратты кәсіпкер өз үлесіне алуына немесе коммуналдық мекеме ретінде тіркеп, келісімшартқа отыруына болады», – дейді Талғат Матаев.

БЕС ЖҮЗ ОРЫНДЫҚ ЖАТАҚХАНАЛАР

Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының басшысы Шолпан Қадырованың мәліметінше, Орал қаласында салынатын жатақханалар құрылысының жобалық-сметалық құжаттары жасақталуда. Мәселен, Орал қаласының А. Тайманов көшесі, 221-үй мекенжайында орналасқан Батыс Қазақстан индустриалды колледжінің жанынан 500 орындық жатақхана бой көтермек.



СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Біржан ӘЛІМЖАНОВ, «Қаржы орталығы» АҚ-ның департамент директоры:

«75 МЫҢ ОРЫНДЫҚ ЖАТАҚХАНА 2019-2021 ЖЫЛДАРЫ САЛЫНАДЫ»



– Өздеріңізге мәлім, биыл Елбасының бес әлеуметтік бастамасының аясында бірқатар үлкен жобалар қолға алынды. Соның бірегейі – студенттердің жатақханадағы жағдайын жақсарту бойынша шаралар. Бүгінде ҚР Білім және ғылым министрлігі, «Қаржы орталығы», еліміздің бірқатар ЖОО-дың арасында келісімшартқа қол қойылды. Бұл келісімшарттың нәтижесінде 4 мыңға жуық жаңа орын пайда болады және оның 2 810-ы 2019 жылдың соңына дейін іске қосылады. Жалпы, бұл механизмнің ерекшелігі – мемлекет және жеке сектор әріптестігінің негізінде құрылуы. Жатақхананы ЖОО өз қаражатының есебінен немесе жеке сектордың инвестициясын тарту арқылы іске қосады. Нәтижесінде, әрбір іске қосылған орын үшін мемлекет егер студент сол жатақханада тұрған жағдайда құрылыс арқылы іске қосылса, 122 айлық есептік көрсеткішпен, ал егер бұл жатақхана реконструкциялау арқылы іске

Қазір жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттерін жатақханамен қамтамасыз ету мәселесі өте өзекті. Бұл міндетті шешу үшін жоғары оқу орындары, колледждер мен девелоперлік компаниялар мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігі қағидасымен жатақхана салуды бастауы керек. Мемлекет өз тарапынан Білім және ғылым министрлігі арқылы жатақхана құрылысына жұмсалған инвестициялардың белгілі бір бөлігі біртіндеп қайтарылуына кепілдік береді. 2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың орындық жаңа жатақхана салуды тапсырамын. Бұл алдағы жылдарда өсе түсетін сұранысты ескергеннің өзінде жатақхана тапшылығын біржола шешеді.

(Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуінен)

Жатақхана құрылысына арналған жер учаскесінің ауданы – 1,9 гектар. Жобаның жалпы құны – 32 986 000 теңгені құрайды. Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізілуде. Жобалаушы – «Газсервис и К» ЖШС. Жобалау мерзімі сегіз айға жоспарланған. Бұл екі тоғыз қабатты 500 орындық жатақхана жоба бойынша Батыс Қазақстан индустриалды колледжі, Құрманғазы атындағы саз колледжі, Орал қаласының газ, мұнай және салалық технологиялар колледжі және Орал ақпараттық технологиялар колледжінің студенттеріне берілімек.

Орал қаласындағы Еуразия көшесіндегі 238 үйде орналасқан Орал политехникалық колледжіне 150 орынға шақталған бес қабатты жатақхана салу жоспарланған. Жатақхана құрылысына арналған жер учаскесінің ауданы – 0,212 гектар. Облыстық бюджеттен жобалық-сметалық құжаттар жасақтауға 2 500 000 теңге бөлінген. Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізілуде.

Берлі ауданында да студенттер жатақханасы салынбақ. Яғни, Ақсай техникалық колледжіне тиесілі 150 орындық жатақхана құрылысының жобасы бойынша мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізілуде. Жатақхана құрылысына арналған жер учаскесінің ауданы – 0,38 гектар. Жобаны «Газсервис и К» ЖШС жасауда.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті – өңіріміздегі іргелі оқу орындарының бірі. Аталмыш білім ордасының студенттері үшін келесі жылы тоғыз қабатты 500 орындық жатақхана бой көтере бастамақ. Бүгінгі таңда университетте 1 026 орынға арналған үш студенттік жатақхана бар. Бұл жатақханалар студенттер сұранысының 70 пайызын қанағаттандырып отыр. Мұнда

әлеуметтік жағдайы төмен, жетім және мүмкіндігі шектеулі, көп балалы отбасынан шыққан студенттерге жатақхана бірінші кезекте беріледі және университетке қабылданған бірінші курстың студенттері мен «серпіндіктер» жатақханамен толық қамтылуда.

Өңірдегі медицина мамандарын даярлайтын Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжінің студенттеріне де 500 орындық жатақхана салу жоспарланғанын айта кетелік.

ЖАТАҚХАНА САЛУДЫҢ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Өзге мемлекеттерде жатақхана мәселесі қалай шешімін тапқанын білу үшін ғаламторды шарлаған едік. АҚШ, Англия, Германия секілді алпауыт мемлекеттерде студенттік жатақханалар құрылысын кәсіпкерлер мен жеке компаниялар өз демеушілігімен салады екен. Мемлекет өз тарапынан салыққа жеңілдік жасайды. Мәселен, АҚШ-та жеке кәсіпкер

Тобықтай түйін

Қызығы мен шыжығы мол студенттік шақтың бүгінгі нарық заманында қызығынан машақаты басым болып тұр. Жыл сайын жер-жерден үлкен қалаларға білім алуға асығатын жастардың ең бірінші алдынан кес-кестеп шығатын өзекті мәселесі – жатақхана. Ендеше, Мемлекет басшысының 2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың орындық жаңа жатақхана салу тапсырмасы ойдағыдай орындалса, онда түйткілді мәселенің түйіні тарқап, күрмеуі біраз да болса шешілер еді.

Гүлсезім БИЯШЕВА, Орал қаласы

Соңғы жылдарда менің Қазақстан халқына арналған жолдауларым Үшінші жаңғыру және төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктеріне арналды. Сонымен қатар, біз мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін ұмытқанымыз жоқ және оларды орындау жөнінде шаралар қабылдадық. Бірінші. 2018 жылы білім берудің жаңартылған мазмұнына көшкен мұғалімдердің лауазымдық жалақылары 30 пайызға өсетін болады. Бұл жалпы мұғалімдердің 68 пайызын қамтиды. Ал, біліктілікті айқындайтын тест тапсырғаннан кейін олардың лауазымдық жалақысы қосымша 50 пайызға өсетін болады. Екінші. Бюджет қызметкерлерінің еңбекақы төлемін жаңа жүйеге көшіру білім беру саласында жалақы көлемін 29 пайызға, денсаулық сақтау саласында 28 пайызға, әлеуметтік сала қызметкерлерінің еңбекақысын 40 пайызға көтеріп, студенттер стипендиясын 25 пайызға өсіруге мүмкіндік берді. Үшінші. Базалық зейнетақыны өсіру және оны индекстеу есебінен 2018 жылдың шілде айынан бастап орташа зейнетақы мөлшері 2017 жылмен салыстырғанда 37 пайызға артады.

(«Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты үндеуінен)

Елбасының бірінші әлеуметтік бастамасы – әрбір отбасына баспаналы болудың жаңа мүмкіндіктерін айқындап берді. Яғни, жұмыс жасайтын әрбір қазақстандық үшін жеңілдетілген несие арқылы баспанаға ие болу мүмкіндігі туады. «7–20–25» бағдарламасы бойынша несие өсімінің мөлшерлемесі жылына 7 пайыздан аспайтын болады. Бастапқы жарна пәтер бағасының 20 пайызын құрайды әрі несие алушыға жеңіл болу үшін ипотеканың мерзімі 25 жылға ұзартылады. Бұл баспаналы боламын деген әрбір азамат үшін үлкен қолдау екені анық. Бүгінде еліміз бойынша экономикалық белсенді халық саны 5 миллионнан асады.

ХАЛЫҚТЫҢ ИГІЛІГІНЕ АЙНАЛАТЫН ҰТЫМДЫ ЖОБА

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Парламенттің бірлескен отырысында ұсынған бес әлеуметтік бастамасы Қазақстанның экономикалық тұрғыдан тұрақты өркендеп келе жатқанын көрсетті. Елбасы бастамаларын әлеуетті ел атануымызға бастар жол ретінде қарастыруға да болады.



Олардың басым бөлігі жеңілдетілген несиелемнен үйлі болып жатса, экономикамызға да үлкен серпін болары анық. Мұндай жақсы бастама оқуын енді бітірген жастардың да жігерін жанып, олардың еліне деген сүйіспеншілік сезімін арттыра түседі. Бұл бастаманың ел демографиясына да үлкен әсер беретінін атап өткен жөн.

Екінші бастама – жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салықтық жүктемесін

Тобықтай түйін

Жалпы, Елбасының бес әлеуметтік бастамасы – халықтың әл-ауқатын жақсарту түсудің тиімді жолы. Президент мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігін көтеру арқылы елдің тұрақтылығын онда әрі дамытуды айқындап отыр. Ендеше, бес әлеуметтік бастаманы халықтың игілігіне айналатын ұтымды жоба деп санаймын.

Расул ЕСЕНОВ, Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты

ҚЫСҚА ҚАЙЫРҒАНДА: 2019 ЖЫЛЫ 4 МЫҢ ШЕТЕЛДІК ҚАДАСЫМЫЗДЫҢ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРЫ ҚАЗАҚСТАНДА БІЛІМ АЛАДЫ

Ұсыныс-пікіріңіз болса, хабарласыңыз:



+7 (727) 293-86-73



qazaq1913@nur.kz



+7 (705) 396 22 22



aibolmen@mail.ru



**ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ
АЛҒАШҚЫ
ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ
ӨЗБЕКСТАН**

Өзбекстан Республикасы өзге посткеңестік елдер секілді 1991 жылы (31 тамыз) өз тәуелсіздігін жариялады. Міне, сол тұстан бастап ел тарихының жаңа парағы ашылды. Ол Өзбекстанның тұңғыш президенті Ислам Каримовтің билікке келуімен тікелей байланысты еді. Ислам Әбдуганиұлы бұрыннан ел халқына бөтен емес-тін. Ол президент болмай тұрып, Кеңестік Өзбекстанның бірінші хатшысы болды. Сонымен қатар, Өзбекстанды 25 жылдай басқарған Шараф Рашидовтің (1917-1983) шәкірті ретінде де ел аузында жүрді.

Ислам Каримов ел басқарған 25 жыл ішінде өзін қатал әрі берік басқарушы ретінде қалыптастырды. Өзбекстан Республикасы айтарықтай дамып кетпесе де, елдің демографиялық ахуалы жақсарды. Туу көрсеткіші жоғарылады. Мәселен, тәуелсіздік алған 1991 жылы ел халқы 20,6 миллион болса, қазір 33 миллионды құрады. Яғни, 27 жылда халық саны 13 миллион адамға арты. Бұл посткеңестік кезіңгігі ең үлкен көрсеткіш.

Ресми Ташкент Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан секілді көршілерімен де шекаралық жағдайда қатаң саясат ұстанды. Тіпті, кейбір даулы территориялар Әзбекстан жағына өтіп кеткендігін де жұрт жақсы біледі. Міне, осылай ала шапанды ағайындар шекара дауы бойынша Орта Азиядағы көршілерімен де нақ осы Каримовтің тұсында алауыз болды.

Исплан Әбдуганулы 25 жыл ішінде қатарынан 4 рет (1991, 2000, 2007, 2015) президент болып сайланды. Екі рет жалпыхалықтық референдум (1995, 2002) арқылы өз өкілеттілігін ұзартып алды. Әр сайлауда 90 пайыздан артық дауыс жинады (1991 жылы ғана сайлаушылардың 87 пайыз дауысын алды, – ред.).

Нәтижесінде халықаралық ұйымдар Өзбекстанды нағыз авторитарлық режимдегі елдер қатарына жатқызды. Алайда, Өзбекстан президенті өз елін авторитарлы емес, бейтарап саясат ұстанатын елге жатқызатынын бірнеше рет айтқан-ды.

Жалпы, Өзбекстандағы Каримовтің басқару кезеңі «Кландар арасындағы соқтығыс дәуірі» деп атайды. 25 жылда елде бірнеше саяси партиялар құрылды. Көптеген белді саясаткерлер мен бизнесмендер саясат сахнасына шықты. Атақты өзбек мафиясы да

ЎЗБЕКСТАН:



көпке аян. Бирак, Ислам Каримов олардың ешқайсысына билікке тікелей қол сұғуға мүмкіндік бермеді. Тіпті, 2015 жылы өткен соңғы сайлауда да Каримов қарсыластары Президенттің шаңында қалды. Сол тұста «Каримовке қарсы шыққан оппозиция өкілдері ұшты-күйлі жоқ болды» деген де әңгіме тарады. Дегенмен, Каримов үшін сол 2015 жылғы президент сайлауы соңғы болды. Оның ауруы туралы ресми Ташкент тіс жармағанымен, Өзбекстан президенті 2016 жылдың 2 қыркүйегінде 78 жасында өмірден өтті.

Әрине, Ширек ғасыр билік басында отырған Каспий Каримов тұқ бітірген жоқ» деген қателесеміз. Біздің ойымызша, Өзбекстан Орталық Азияда өз отандық өнімдерін қолдауда басқа көршілерінен оқ бойы озық тұрды. Мәселен, Каримовтің кезінде Өзбекстанда автомобиль өндірісі қарқынды дамыды. Өзбектер көлікпен өздерін қамтып қана қоймай, оны ендігі жерде Қазақстан секілді елдерге экспортқа шығарды. Елде салықтық көбі отандық автокөліктерді мінді. Себебі, ол өзге елдің автокөлігіне қарағанда қолжетімді болды. Тіпті, Өзбекстанда тікұшақтар шығару ісі де мықтап қолға алынды.

Керші мемлекет бұрыннан мақта өндірісі мықты дамыған өңір саналады. Осыны жақсы білген Каримов елде жеңіл өнеркәсіп пен тоқыма саласына мән берді.

Тауелсіздік жылдарында өзбектер жеткен тағы бір үлкен жетістік – Өзбекстанның өз-эзін асырауы, сыртқы сауда немесе қарыз дегенді білмей өмір сүруі. Мейлі, халықаралық ұйымдар Каримовті қанша жерден диктатор санағанымен, оның ел басқару тұсында Өзбекстан әр мемлекетке барып, алақан жайып немесе дүниежүзілік банк секілді қаржы ұйымдарынан қарыз сұраған жоқ. Мұны бүгінде өзбек халқы жиі айтады және сол үшін де бірінші басшыларын құрметтейді.

КАРИМОВ ЕКІ ОЙЫНДЫ ҚАЛАЙ ОЙНАДЫ?

Ислам Әбдүғаниұлы ел басқарған 25 жыл ішінде «екі қоянды бір оқпен атты» немесе екі ойынды қатар ойнады. Ол алғашқыда АҚШ-пен қарым-қатынасты жақсартып, екі ел арасындағы байланысты нығайтуға талпынды. Тіпті, Кремль ұсынған бірқатар ұйымдарға

күрүн бирнеше жылға шегеріп келді. 1994 жылдардағы Ауғанстандан қарап болған шекара жағдайында да АҚШ-тың көмегін пайдаланғаны жөнінде мәлімет бар. Алайда, 2001 жылғы Ресей мен оның оддақтары жасаған қысымнан кейін ресми Ташкент Шанхай ынтымақтастық ұйымына еніп, Кремльдің бығына қарай ауысты. Демек, Каримов Вашингтон мен Мәскеудің саясатынан қатар ойнады. 2005 жылы Әнұдхан оқиғасында АҚШ-тың Өзбекстанды айыптағаны, ал Ресейдің 18 адамның өмірін қиған (бейресми мәлімет бойынша 230-1 500-дей адам құрбан болды, – ред.) қанды оқиға туралы тіс жармағаны осының айғағы болса керек.

Жалпы, 2005 жылғы Әндіжан оқиғасы әлемдік қауымдастықта үлкен талқыға түсіп, содан кейін Ислам Каримов ХХІ ғасырдағы ең қатал диктатордың біріне айналды. «Ол кезде түрлі діни экстремистік топтардың араласуымен халыққа қару жұмсалды» деген ақпарат бар. Негізінде, Әзбекстан халқының 93 пайызы ислам дінін ұстанады. Сондықтан, бұл елде діни алауыздық пен өзге де жағдайларға қатан мән берілді.

Рас, Каримовтің президенттік кезеңі осындай жағдайлармен есте қалды. Алайда, Өзбекстан Шанхай, ОДҚБ секілді ұйымдардың ресми түрде мүшесі болғанымен, біркұрат істерде бұл ұйымның жоқпарлары Өзбекстансыз қабылданып жатты. Өйткені, Каримов олардың жоғарғы деңгейдегі жиналыстарына қатыса бермейтін еді.

Өзбекстандагы Каримов кезеңінің тағы бір жетістігі – тіл мәселесіне мән беруі. Бірте-бірте орыс тілі қолданыстан шығып, өзбек тілі төрге шықты. Қазір Өзбекстан халқының 84 пайызы (27 млн) өзбектер, қалған 16 пайызы ғана (6 млн) өзге ұлт өкілдері. Дегенмен, солардың басым көпшілігі өзбек тілін мықтап меңгерген. Мектептерде өзбек тілін тереңдетіп оқытады. Бұл жөнінен Өзбекстан өзіннің басқа да көршілерінен оқ бойы озық тұр.

Тіпті, Ислам Каримов ел мүддесі үшін туған қызын да қылмыстық жауапкершіліктен арашалаған жоқ. 2014 жылы оның үлкен қызы Гүлнәр Каримоваға қатысты Өзбекстанда қылмыстық іс қозғалды. Бұдан Каримовтің Кеңестік кезеңдегі Сталиннен кейінгі дәуірдегі ең қатал басшының бірі болғанын аңғаруға болады.

ӨЗБЕКСТАННЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ НЕМЕСЕ КАРИМОВТАН КЕЙІНГІ ӨМІР

Әрине, уақыт бір жерде тұрмайды. 2016 жылы Ислам Каримов өмірден өткеннен кейін елдің бүтін бір дәуірі келмесе кетіп, Өзбекстан тарихының жаңа кезеңінің парағы ашылды. Яғни, ол Өзбекстан билігіне 2016 жылдың соңында 13 жыл бойы елдің премьер-министрі болған Шавкат Мирзиёевтің келуімен байланысты еді.

Өзбекстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында бірнеше облыстардың әкімі болған Шавкат Миромонұлы 2000-шы жылдардың басында Өзбекстан үкіметінің

Тобықтай түйін

Элбетте, Шавкат Мирзиёев билікке келген аз уақыт ішінде Өзбекстанда осындай онды істер бастауын алды. Өлемдік қауымдастық бұл елде демократиялық құндылықтардың аз динамикасы қалыптасып келе жатқанын жақсы бағалады. Алайда, бұл – саясат. Саясатта жағдайлар әп-сәтте өзгеріп кетуі мүмкін. Әйтпесе, билікке жаңадан келгенде Каримов те дәл қазіргі Мирзиёев секілді халықпен жиі кездесетін, сөз бостандығы да бар еді...

Орталық Азияда ширек ғасырдан астам құпия жағдайда өмір сүрген мемлекеттің бірі – Өзбекстан. Жалпы, халықаралық ұйымдар бір кездері Өзбекстанды Солтүстік Корея секілді жабық жағдайдағы мемлекеттер қатарына жатқызған-ды. Кезінде Бұхара мен Самарқанды, шырайлы Ташкент пен

атақты «Пахтакор» футбол командасы арқылы барлық Кеңес Одағы елдеріне әйгілі болған Өзбекстан соңғы ширек ғасырда бейтарап саясат ұстанды. Әрине, мұның барлығы да билік басына 1991 жылы Ислам Каримовтің (1938–2016) келуімен байланысты еді. Бүгінгі таңда Өзбекстанның тәуелсіздік жылдарындағы саяси жағдайын екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Оның біріншісі – Каримовке дейінгі, ал екіншісі – Каримовтен кейінгі дәуір. Ендеше, ғасырдан астам тарихы бар «Qazaq» газеті көрші елдің өткені мен бүгініне тоқталады.

құрамына еніп, 2003 жылы Ислам Каримовтің сенімінен шыққаны соншалық, ол 46 жасында Өзбекстанның премьер-министрі болып тағайындалды. Мирзиеев сол отырғаннан мол отырды, 13 жыл бойы Өзбек елінің Үкіметін басқарды. Осы уақыт ішінде Мирзиеев елдегі алып саяси тұлғаға айналды. Мәселен, Каримов қайтыс болғаннан кейін президентің уақытша міндетін атқару іс жаз бойынша Өзбекстан Парламентінің (Олий Мажлис) төрағасына өтуі керек болса, ал биліктің бірден Мирзиеевтің қолына өтуі көп нәрсені аңғарта керек.

Шавкат Миромонұлы президент болып сайланғандан кейін елде бірқатар реформа жасайтынын айық айтты. Ол алғашқы президенттік сапарын өзінің көршілері – Түркіменстан мен Тәжікстанды аралаудан бастады. Бұл да Мирзиевтің ең бірінші кезекте көршілермен тату болғысы келгендігін көрсетеді. Әсіресе, Каримовтің тұсында Тәжікстанмен арада кикілжің көп еді. Тіпті, әскери қақтығыстар орын алған жағдайлар да болған. Ал, Мирзиев осы уақытқа дейін Эмомали Рахмонмен бірнеше рет кездесті. Қазір Өзбек-Тәжік қарым-қатынасы 27 жылдан кейін достық қалыпқа кайта түсті.

Өзбекстанның жаңа президенті бірден елдің прокуратура жүйесін айыптан, оның жемқорлыққа белішесін батқан орган екендігін жасырмай айтты. Тіпті, бас прокурордың қызметінен босатып, елдің қадағалаушы органы жүйесінде үлкен тазалау жұмыстарын жүргізді. Ол: «Прокурорлардың халықтан еш айырмасы болмау керек. Ал, біздің прокурорларды қарасаның, шетінен шетелдік көлік мініп, хан сарайындай зәулім үйде тұрады. Ол қандай келген ақша?!» – деп бірнеше рет сынады.


Каримовтің кезінде қатты сынға ұшырап жүрген мәселенің бірі – Өзбекстандағы көші-қон мәселесі еді. Яғни, Өзбекстанда туындаған жұмыссыздық салдарынан бұл ел тұрғындарының басым бөлігі Ресей мен Қазқстанды жағалап жүр. Осыны ескерген Мирзиев өзге елде жүрген өзбектерді елге шақырып, оларға тұрақты жұмыс тауып беруге, айлықтарын көтеруге барын салатынын жеткізді. Бұл да жаңа президенттің елдің әлеуметтік жағдайын көтеруге жасаған нақты қадамының бірі.

Бұл елдегі ақша-несие саясатын да болашақта оңды өзгерістер күтіп тұр. Қазір АҚШ-тың жүз доллары жарты келіге жуық өзбек ақшасын құрайды. Мысалы, бүгінде ұлттық валютаның долларға қатысты бағамы 8 200 сумаға тең. Осының салдарынан елде қолма-қол ақшаның жетіспеушілігі байқалады. Білік осының себеп-салдарымен күресіп жатыр.

Өзбек өнер сүйер қауымы үшін тағы бір жағымды жаңалық. Бұрын ән айтуға тыйым салынған атақты әншілер Юлдус Усманова, Шерали Жүраев секілді Өзбекстанның Халық әртістері үлкен сахнаға қайта оралды. Елдің телеарналары да ақпаратты емінеркін тарата бастады. Цenzура азайды. Елдің қылмыстық атқару жүйесінде де оңды өзгерістер орын алып, Каримовтің кезінде сотталған бірқатар саяси тұлғалар бостандыққа шықты.

61 жастағы Шавкат Мирзиевтің халықтың барына жақын адам екендігі бірден байқалады. Ол ел ішіндегі сапарларда тұрғындармен бетпе-бет кездесіп, олардың ахуалын өз көзімен көреді, муң-зарын өз құлағымен тыңдайды. Мұндай жағдай Каримовтің кезінде халыққа арман еді.

Әлемнің әр еліндегі орыс тілін ана тілі санайтындар саны



Мемлекет	Орыс тілін ана тілі санайтындар саны	Жалпы халықтың пайыздық көрсеткіші	Жыл	Мемлекет	Орыс тілін ана тілі санайтындар саны	Жалпы халықтың пайыздық көрсеткіші	Жыл
 Ресей	137 494 893	96,20%	2010	 Тәжікстан	40 598	0,50%	2012
 Беларусь	6 672 964	70,20%	2009	 Грузия	16 355	0,40%	2002
 Латвия	698 757	33,80%	2011	 Канада	11 215	0,30%	2011
 Эстония	383 118	29,60%	2011	 Чехия	31 622	0,30%	2011
 Украина	14 273 670	29,60%	2001	 Норвегия	16 833	0,30%	2012
 Қазақстан	4 351 404	23,70%	2016	 АҚШ	879 434	0,30%	2013
 Израиль	1 155 960	15,00%	2011	 Австралия	44 058	0,20%	2012
 Өзбекстан	4 185 253	14,20%	2016	 Жаңа Зеландия	7 896	0,20%	2006
 Түркіменстан	634 958	12,00%	2016	 Гвинея-Биссау	2 104	0,14%	2009
 Молдова	380 796	11,30%	2004	 Австрия	8 446	0,10%	2001
 Қырғызстан	482 000	8,90%	2009	 Польша	21 916	0,10%	2011
 Литва	218 383	7,20%	2011	 Румыния	18 946	0,09%	2011
 Кипр	20 984	2,50%	2011	 Хорватия	1 592	0,04%	2011
 Әзербайжан	122 449	1,40%	2009	 Сербия	3 179	0,04%	2011
 Финляндия	54 559	1,00%	2010	 Словакия	1 866	0,03%	2001
 Армения	23 484	0,80%	2011				



Ахмет Байтұрсынұлы: «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек...»

Кәсіпкер әсіп

Әлия Іңкәрбекпен



Ұсыныс-пікіріңіз болса, хабарласыңыз:

РЕДАКЦИЯ



+7 (727) 293-86-73



qazaq1913@nur.kz

ЖУРНАЛИСТ



+7 (778) 463 99 32



aliya_inkarbek@mail.ru

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

«Balbala» ойыншықтар компаниясы
Жоба авторы: Қыдырәлі Болманов
Мекенжайы: Астана қаласы, Құлагер көшесі, 1
Компания дүкендері Астана қаласындағы
«Asia Park», «Хан Шатыр», «MEGA Silk Way»
сауда, ойын-сауық орталықтарында бар
Байланыс телефондары:
+7 (7172) 57-53-53, +7 705 132 77 77
Электронды жәшік: info@balbala.net
Ресми сайты: www.balbala.net

Кез келген қоғамның орнықты дамуының кепілі – өскелең ұрпақ тәрбиесі. Сондықтан балалар бойында өз жеріне, туған тіліне, ұлттық мәдениетіне деген махаббаты мен құрметін қалыптастырудың маңызы зор. Балалар санасына отаншылдық ойыншық арқылы енетіні белгілі. Ойыншықтар балдырғанның дүниетанымын қалыптастырып, қабілетін шыңдауға көмектеседі. Жас ұрпақтың келешегіне алаңдайтын кез келген мемлекет мұндай жағдайға бейжай қарамайтыны сөзсіз. Бүгін «Қазақ» газеті ойыншықтың пайда болуына қатысты сауалдарға жауап іздеп, алғашқы отандық бренд «Balbala» ойыншықтарының бүгіні мен болашағына сапар шегеді.



Өзге елдің мультфильмі келіп санасын улап, ойыншығы рухани қасиеттерін жойып жатқан тұста қазақы қуыршақтың қаншалықты қажет екенін айтпай-ақ түсінуге болар. Оның үстіне, сырттан келетін ойыншықтардың сертификаттары бар-жоғын ешкім тексеріп, бас қатырып жатқан жоқ», – деп ұлт болашағына алаңдайтынын ашып айтты.

Кейіпкеріміз компания құру өте күрделі болғандығын жеткізді. Себебі, ең алдымен нарықты, маркетинг жүйесін зерттеумен айналысқан топ «Отандық ойыншықтар елімізге қажет пе?», «Оның сипаты қандай болмақ?», «Қанда материалдан жасалуы қажет?» және «Ойыншықтың қанша түрін шығарамыз?» дейтін сансыз сұрақтар мен уақыт күттірмейтін мәселелердің шешімін іздепті. Болмановтың компаниясы бүгінде мемлекетке салық төлеп, екі жүзге жуық адамды жұмыспен қамтып отыр.

«Balbala» ойыншықтарының басты ерекшелігі – барлық қуыршақтардың прототипі өзімізге таныс ертегі кейіпкерлері. Мәселен, бастапқыда Алдар Көсе, Тазаша бала, Ер Тестік ойыншықтары жасалыпты. Сондай-ақ, Қарақат Әбілдинаның да қуыршақ түрі бар екен. Ойыншықтардың бағалары 3 300 теңгеден басталады.

Дегенмен, бұл ойыншықтар бізде шығарылмайды екен. Әлемдегі ойыншықтардың 95 пайызы Қытайда құрастырылатыны белгілі. Онда бір ғана ойыншық жасау үшін бірнеше қала жұмылдырылады. Бірі жұмсақ ойыншық жасаса, енді бірі олардың дыбыс шығаратын динамиктерін жасайды, киімін тігеді, тағы бірі қосымша бөлшектерін жасайды. «Balbala» ойыншықтары Гонконг пен Гуанчжоу қалаларында жасалады. Ойыншықтардың өзі Қытайда жасалғанымен, киімдері елімізде, компанияның өз цехтарында тігіледі. Себебі, өзге мемлекеттерде мұндай киімдер синтетикалық маталардан жасалады. Кейіпкеріміздің айтуынша, Қарақаттың көйлектерінен гөрі қуыршақтарға киім тігу әлдеқайда күрделі екен. Оның үстіне, «Balbala» ойыншықтары тек ұлттық үлгідегі киімдер киеді.

Сөйлейтін қуыршақтардың дыбысын студияда жазу барысында мәтіннің талапқа сәйкестігі қадағаланады. Мысалы, соңғы шығарған ойыншықтарының бірі – «Ақылды қонжық» баламен аңғимелеседі, оның қойған оннан астам сұрақтарына жауап береді және ән, тапқақ айтып қана қоймай бүлдіршінге санауды да үйретеді. Бұл ойыншықты жасауға бір жарым жыл уақыт жұмсаған компания оны бірнеше мәрте сынақтан өткізіпті. Содан кейін ғана сатылымға шыққан ойыншық функциясының көптігімен ерекшеленеді.

Тәжірибелер барысында өздiгiнен қимылдап, ән айтып, би билейтiн қуыршақтардың қимылын бүлдіршіндер қайталап,

ЕҢ АЛҒАШҚЫ ОЙЫНШЫҚ: АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ

Ең алғаш пайда болған ойыншық – сылдырмақ. Ежелгі Грекияда және Римде сылдырмақты жаңа туған балаға арнайы сыйлап, сол сылдырмақпен анасы және күтушісі «бесік жырын» айтқан екен. Сонымен бірге ежелгі наным-сенімдерге сүйенсек, сылдырмақты сылдырлату арқылы жын-шайтандарды үркіткен көрінеді.

Ежелгі ойыншық біздің заманымызға дейінгі III ғасырда пайда болыпты. Алайда, көптеген ежелгі ойыншықтар біздің заманымызға дейін жетпеген. Ол кезеңде ойыншықтарды ағаштан, саздан, сүйектен және түрлі металдардан жасағаны мәлім.

Аңыз бойынша ежелгі славян халқында (орыс, украин, беларусь, поляк, чех, болгар, хорват, т.б.) көптеген жылдар бойы табиғат анаға құрбандық шалу рәсімі болып, құрбандыққа тек әйелдерді шалған екен. Осындай азаптан әйелдерді құтқару үшін бір шебер құрбандыққа тірі әйелдің орнына қуыршақ шалуды ұсыныпты. Сөйтіп, ең алғашқы славян халқының қуыршағы осылай пайда болған деседі. Ал, нақты болжамдар бойынша ойыншықтар алғашқы дәуірде пайда болыпты. Археологтар қазба жұмыстары кезінде көне молалардан адаммен бірге әртүрлі ойыншықтардың да жерленгенін анықтаған.

Ежелгі грек балаларының сүйікті ойыншықтары саналған ат бейнесін шеберлер ағаштан, саз балшықтан жасапты-мыс. Біздің заманымызға дейінгі IV-V ғасырларда ежелгі гректер саз балшықтарды күйдіріп ойыншық жасаған. Сол заманда Сардис қаласы Персифа баратын сауда жолында орналасып, ойыншықтар орталығы атымен танымал болған екен. «Ежелгі грек қыздары тұрмысқа шыққанша қуыршақтарымен ойнап, тұрмысқа шығу салтанатында Гера, Артемида және Афродита құдайларына қуыршақтарын сыйға тартқан» деген аңыздар да жоқ емес.

ОЙЫНШЫҚ ЖӘНЕ ОЙЛЫ ҰРПАҚ

Ойыншық – бала үшін ермек қана емес, сонымен қатар ол оның дамуына да тиімді құрал, қимыл-қозғалысты, сезім ағзаларын, тіл түсінуді жетілдірудің де бастамасы. Әр халықтың ойыншықтары өзіне тән ұлттық реңктеріне негізделетіні белгілі. Қазақ халқының ойыншықтары қазіргі уақытта ұлттық нақыштарымен байланысты. Қыз бала қуыршақпен ойнаса, ұл балалар атпен ойнайды.

Ойыншықтың бала өмірінде алар маңызы ерекше. Баланың ойыншыққа деген қажеттілігі кішкентай күнінен қалыптасады. Әртүрлі ойыншықтарды қолдану арқылы баланың таным қабілеттері артып, ойлау көкжиегі кеңі түседі. Ойыншықтың материалы неғұрлым қарапайым әрі солқылдақ болғаны жөн. Мұндай үлгідегі ойыншықтар баланы ешқашан жалықтырмайды. Мысалы, доп, кубик, қуыршақ тәрізді ойыншықтар кез келген баланың қызығушылығын тудырады. Егер ойыншықтың материалы қолайлы болса, ол соғұрлым бала мінезінің жақсы қалыптасуын дағдыландырады.

Тағы да ескеретін жайт, кейде балалар жаңа сатып әперген ойыншықты сындырып, ішкі құрылысымен танысқанды жақсы көреді. Ойыншық балаға ұнаса, оны бірден бөлікке бөліп, ішкі құрылысына үңіледі. Осылайша, бүлдіршін өз ойымен түзетуді, қайта құрастыруды үйренеді.

Сәбидің жас ерекшеліктеріне қарай ойыншықтар да бірнеше түрге бөлінеді. Сондықтан ойыншық сатып аларда бала талғамына, жасына қараған жөн. Расында да, ойыншықтар бала ой-өрісінің дамуында маңызды рөл атқарады. Сонымен бірге ойыншықтар балада жағымсыз әдеттердің қалыптасуына жол бермеуге де септігін тигізеді. Алайда, қазіргі заманда балалардың ойнайтын ойыншықтары сын көтермейді. Педагог және психологтардың зерттеу нәтижелері бойынша қазіргі ойыншықтар тек баланың денсаулығына зиян келтіріп қоймай, оның жүйкесіне де кері әсер етеді.

Зерек әрі ізденімпаз балалар біздің болашағымыз екенін ескерсек, олар ойнап өсетін ойыншықтардың саны мен сапасын да ойдан шығармағанымыз абзал. Алайда, балалардың басым көпшілігі зияны көп Қытай ойыншықтарымен ойнайды. Өзіміздің ойыншық шығаратын төл брендіміз әзірге біреу-ақ, ол – «Balbala». Бұл салада өндіріске шығып жүрген өзге компания жоқ. Көрмелерге қойылатын санаулы авторлық жұмыс жасайтын қолөнер шеберлерінің өнімдерін айтағанда, тәуелсіздік алғалы бері өндірісте атын қалыптастырған, балаларға арналған өнімдер шығаратын бренд жоқ. Дегенмен, бренд деген дүниенің өзі бір жылда не бес жылда жасала қоймайды. Әлемдік белгілі брендтерді алып қарасак, бәрі ұзақ уақыт пен қажырлы еңбектің нәтижесінде әлемге танылған. Бұл



■ Компания дүкендері Астана қаласындағы «Asia Park», «Хан Шатыр», «MEGA Silk Way» сауда, ойын-сауық орталықтарында бар



■ Күлереш. Бағасы: 9 700 теңге



■ Тазаша бала. Бағасы: 9 700 теңге



■ Қарақат. Бағасы: 80 000 теңге

салада балалардың болашағына жанажырлықпен қарап, Қазақстандағы ең алғашқы қазақ тілінде сөйлейтін, ән салып, би билейтін интерактивті ойыншықтарды өндіріп, нарыққа енгізген отандық «Balbala» компаниясының еңбегі зор. Ұлттық қуыршақтарымыздың құндылығын арттырып, балалардың танымына ұлттың үлгі-өнегесін ұялату «Balbala»-ның басты мақсаты тәрізді.

БОЛМАНОВТЫҢ «BALBALA»-СЫ

«Balbala» компаниясының негізі 2010 жылы қаланды. Жұлдызды жұп Қыдырәлі мен Қарақат ұлттық нақыштағы бұрын-соңды болмаған ерекше ойыншықтар ойлап тапты. Сәйкесінше, отандық өнім өз тұтынушыларын тауып, ойыншықтар бүлдіршіндердің сүйікті «серігіне» айналып үлгерді.

Қарақат Әбілдинаның айтуынша, ұлттық нақыштағы ойыншық жасау идеясының туындауына себепкер болған ұлы Иманәлі екен.

«Ұлымның 1 жасқа енді толған кезінде-ау деймін. Достарымыз түсініксіз шет тілде ән айтып, қимылдайтын көңілді ойыншық сыйлаған болатын. Баланың әлгі ойыншыққа қызыққаны соншама, сонымен бірге қимылдап, гүлдеп, қолынан тастамай ойнайтын болды. Бірақ, ойыншықтың саласы сын көтермей, шамалы ғана ойнауға жарады. Міне, сол кезде әкесі қазақша сөйлеп, ән салатын сапалы ойыншықтар шығару идеясын жандандырып, бірден іске кірісті. Күні бүгінге дейін қыруар қаржысын құйып, қажыр-қайратын жұмсап, талмай, тынбай тер төгіп келеді. Ондағы мақсаты – ұрпақ тәрбиесін жастайынан қолға алып, бөпелік шағынан құлақтарына ана тілімізді сіңіріп өсіру болды», – дейді әнші.

Қазіргі уақытта біздің елімізге 47 мемлекеттен ойыншықтар әкелінетінін ескерсек, олармен бәсекеге түсуден тайынбайтын, төл өнеріміз бен мәдениетімізге негізделген және әлемде мойындалған Монтеessori әдістемесімен ұштастырылған балаларға арналған туындыларды өндіретін «Balbala» компаниясына артылған жүктің ауыр екенін жақсы түсінеміз.

«Balbala» алғашында отандық нарыққа қуаттағыш (батарея) түрінде шығарылғанын көпшілік біле бермейді. Яғни, еліміз егемендік алғалы бері қуаттағыш жасап көрмегенін ескерген кейіпкеріміз отандық нарықтағы сапасы нашар, қуаты тез таусылатын қуаттағыштарды сапалы өнімге алмастырғысы келіп, осы жобаны қолға алған екен. Соның нәтижесінде қуаттағыштың қыр-сырын зерттеуге кірісіпті. Өкінішке қарай, елімізден бұл саланы меңгерген, қандай да бір мәлімет бере алатын маман таба алмағандықтан Қыдырәлі мырза Гонконгтегі қуаттағыш жасайтын зауыттардың тіршілігімен танысып, біз қолданып жүрген қарапайым қуаттағыштардан қуаты бес есе артығын жасап шығарыпты. Дегенмен, бұл өнімге «Balbala» атауын бірден бермеген кейіпкеріміз өнімнің сапасын жан-жақты зерттеп көруді жөн санапты. Кейіннен осы қуаттағыштар «Balbala» ойыншықтарына салынғандықтан ойыншықтар брендке айналған екен.

Бренд – сенім мен сападан қалыптасатынын ойда ұстайтын кейіпкеріміз: «Қазақстанда жиырма жылдан бері шетелдің ойыншықтарын бізге әкеліп сатып, белдерін бекітіп алған әлемдік алпауыт компаниялар көп. Әлі де көбейіп жатыр. Атақты жапон жазушысының бала тәрбиесі жөнінде жазған кітабы бар. Үш жасына дейін бала бойында әдеттерді қалыптастырып, санасына өз тілі мен төл мәдениетін құйып үлгермесен, әрі қарай бала тұлдыр боп өседі, тамырынан ажырайды. Бүгінгі ұрпақ шетелдік фильм мен мультфильм кейіпкерлеріне еліктеп өсер болса, күй атасы Құрманғазыны да, қара сөздің мәйегін түсінген Абайды да, жалпы, оның тілін де жатсынбайтынына кім кепіл?!

Тобықтай түйін

Расында да, «Balbala» атауы отандық бренд жасауға лайықтап таңдалған секілді. Өйткені, естір құлаққа жағымды әрі мағыналы сөз. Ойыншықтар жасау жөнінде идея келгеннен бастап, оны жасап шығарғанға дейінгі аралықта тынбай жұмыс істеген кейіпкеріміз бүгінгі таңда мақсаттарының жартысына қол жеткізді. Бүгінде бұл ерекше ойыншықтар жайлы білмейтін адам аз. Ойыншықтардың сан түрлі үлгілері әзірленіп, қайта-қайта сүзгіден өткізіп, тек сапалы өнімді ғана жалпыхалықтың қолданасына ұсыну оңай шаруа емес. Әр ойыншықтың қалай сөйлейтіні, қалай қозғалатыны, ән айтып, би билейтін жөнінде өз ісінің шебері деп танылған технолог мамандардан кеңес алған кейіпкеріміз балаларға қуаныш сыйлағанын мақтан тұтады.

өлеңін жаттап алатынына көз жеткізген кейіпкеріміз қолда бар сатылымдағы ойыншықтармен шектелмей, әрдайым жаңа, тың дүние жасауды мақсат етіпті. Қазақы ойыншықтардың елуге жуық түрін шығарып үлгерген компания ұлт мүддесіне жұмыс істейді. Бүгінде отандық нарыққа әбден кірігіп алған «Монстр Хай» сынды ойыншықтар коммерциялық бағытта сатылатыны белгілі, ал «Balbala» – идеологиялық, этнопедагогикалық ойыншықтар. Сол себепті компания түр-сипатын, түсін өзгертіп, сапасыз өнімдерді қапатып шығармайтын көрінеді. Яғни, әр ойыншықтың жеке миссиясы болады.

САПАЛЫ ӨНІМ: ТАБЫС ПЕН СЕНІМ

«Balbala» – этномәдени құндылықтарды қалыптастырып, бүкіл дүниеге қазақтың көзімен қарауға тәрбиелей алатын қасиеті бар ойыншық болуы керек деген ұстанымды басшылыққа алған кейіпкеріміз ойыншық өндіру – қыруар қаржы мен айтарлықтай уақытты қажет ететін сала екендігін естен шығарған емес. Қыдырәлі Болманов сапа сертификатынсыз жұмыс істейтін зауыттарға тап болмау үшін сенімді серіктес табу керектігін де жасырмайды.

«Balbala» ойыншықтарына Қазақстанның барлық қалаларында сұраныс бар. Дегенмен, өзге қалалармен салыстырғанда, Астанада көбірек өтеді екен. Сонымен қатар, «Balbala» өнімдері Қытайда зор сұранысқа ие екені таң қаларлық жағдай. Кейіпкеріміздің айтуынша, ойыншықтардың Қытайда таралуына сол жақтағы қазақтар ұйытқы болып отыр екен.

«Қытайдан келген бауыр-қандастарымыз сол жақта 20-дан астам сауда дүкендерін ашпақшы. Қытайдағы 2 миллионға жуық қазақтар «Balbala» ойыншықтарын ерекше бағалайды екен. Сұраныстары өте жақсы. Әсіресе сапасына, қауіпсіздігіне ерекше көңіл аударады. «Біздің елде ойыншықтың қауіпсіздігін, оның бала психологиясына кері әсерін екеуше жұмыстары қашан басталады екен?» деген сұрақтың ауада ілініп тұрғанына тәуелсіздігіміз 27-ге толғандай 27 жыл болды. Тәуелсіздігіміздің тұғырының берік болуы да ұрпақ санасына, ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты. Алдағы жылдары Алла жар болып, осы өте маңызды сұрақтар шешіле бастаса екен», – дейді Болманов.

Бүгінгі таңда «Balbala» тек ойыншық емес. «Balbala» ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен бірқатар комиссия тексерісінен өтіп, оқу-әдістемелік кешені ретінде қабылданыпты. Сол себепті компания бұл жобаны түрлі логиканы дамытатын балаларға арналған кітапшала, боямақ және тағы басқа құралдармен толықтырып жатыр. Ендігі жұмыс – толыққанды концепциясын жасау арқылы ғылыми-зерттеу институтын ашу екен.

Қыдырәлі Болмановтың жетекшілігімен «Balbala» ойыншықтармен қатар қосымша логикалық кітаптар шығаруды да қолға алды. Яғни, кейіпкеріміз балаларға арналған оқулықтардың да танымдық деңгейінің артуына үлес қосуда. Олардың «Интерактив» компаниясымен бірігіп шығарып жатқан дүниелерінің көбісі – кітаптар. Бұл кітаптар жай кітаптар емес, керек жерін қаламмен нұқып қалсаңыз, сөйлей алатын мүмкіндікке ие. Осындай технологиялық тәсілмен «аудармашы тілашар» жасалыпты. Онда орыс, ағылшын, қазақ тілдерінде тұрмыстың түрлі жағдайларында қолданылатын сөздердің барлығы дерлік жинақталған екен. Осы сияқты балаға арналған бесік жыры, ертегілер, ноталарымен бірге жазылған қобыз үні, домбыра әуендері жеке-жеке кітап болып шығарылыпты.

Қыдырәлі Болмановтың айтуынша, қолдануға өте ыңғайлы ұғынықты кітаптарды құлаққап киіп тыңдауға және дауыс күшейткіш колонкаларға қосуға болады екен.

Жаңа оқу жылы басталысымен жатақханаға қолы жетпей қалған студенттердің пәтер іздеп сандалатыны рас. Осынау мәселені түбегейлі жоюда Елбасы өзінің «Бес әлеуметтік бастамасында» Қазақстанда 2020 жылға дейін 75 мың орындық жатақхана салуды тапсырды. Құзырлы органдарға төрт жылдың ішінде мұндай көлемді игеру оңай жұмыс емес. Осы орайда белгіленген міндетке сай биылғы оқу жылынан бастап Студенттер үйін салуда мемлекеттік тапсырыстарды орындау ісіне кәсіпкерлерді қатыстырып, жұмылдыру маңызды. Бұл туралы облыстық әкімдікте «Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» акционерлік қоғамы өкілдерінің қатысуымен өткен семинар-кеңесте атап айтылды.



СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Талғат МАТАЕВ, «Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» АҚ-ның басқарма төрағасының орынбасары:

«ЖАТАҚХАНАЛАР СТУДЕНТТЕРҮЙІНЕ АЙНАЛУЫ КЕРЕК»




– Бүгінде белгіленген талаптар шеңберінде жатақхана деген ұғым - нан алыстап, Студенттер үйі деген атауға көшу маңызды. Мұндай типтегі нысанда студенттердің тұрақтап қана қоймай, сол орында сабаққа дайындалуда, тамақтануда бос уақыттарын тиімді пайдалануда үйірмелермен де қамтылуы керек. Осы орайда жаңадан құрылыс салу емес, дайын бос тұрған ғимараттарды, мәселен, мемлекет меншігінде, банкте кепілдікте тұрған мүліктер мен бұрынғы қонақ үйлерді де қолға алып, Студенттер үйіне айналдыруға мүмкіндіктер берілуде. Егер жаңа құрылыс болса, мемлекеттік тапсырыс шеңберінде кәсіпкерге әр студент үшін 122 айлық есептік

АТЫРАУДА ЖАТАҚХАНАНЫҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ?

Атырау облыстық білім беру басқармасының ұйымдастыруымен өткен жиында аудандық, қалалық білім бөлімдерінің басшылары мен экономистері, мектеп, орта және жоғары оқу орындарының басшылары мен есепшілері, кәсіпкерлер, банк қызметкерлері көкейде жүрген сауалдарына жауап алды. Аталған басқарманың басшысы Қайырғали Кенжеғалиевтің айтуынша, облыстағы үш жоғары оқу орны мен 24 кәсіптік-техникалық білім ордасында 29 мыңнан аса студент бар. Олардың жатақханаға деген сұраныстары түбегейлі шешімін тапқан жоқ.

«Бұған дейін «ҚазТрансОйл» компаниясының ғимараты «Самұрық Қазынаның» келісімімен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 600 орындық Студенттер үйі болып қайта жасақталып, ашылды. Атырау мұнай және газ университетінде жатақханаға қажеттілік жоқ. Ал, Атырау инженерлік-гуманитарлық институтындағы сұранысты орындауда оқу орны банктен несие алып, келісім шарт жасауда. Он колледж жатақханамен қамтылғанымен, бұл білім ордаларында 1 350 студентке орын жетіспейді. Алайда, осынау мәселені шешудің тиімді тұстарын іздестіру маңызды», – деді Қайырғали Рысқалиұлы.

Алдағы уақытта сұраныстарды іске асыруда қандай әдіс-тәсілдерді пайдалану тиімді болмақ? Кез келген оқу орнының студенттер қажеттілігін өтеуге мүмкіндігі бар ма? Мәселені шешуде алға қойылған міндет – мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасы арқылы қалай жұмыстануға болады? Осы және өзге де сауалдар аясында «Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» акционерлік қоғамының өкілдері түсінік берді.



Дайындаған: **Алтыншаш ҚҰРМАШЕВА**, Атырау қаласы

«7-20-25»: БАСПАНАЛЫ БОЛУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІГІ

Соңы. Басы 05-бетте «»



ету құқықтарын кері сатып алу бойынша банктің міндет-темесі мен жауапкершілігі;

7) Негізгі борышты және (немесе) сыйақы төлеу мерзімі күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аса мерзімге кешіктірілген ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талап ету құқықтарын кері сатып алу бойынша банктің міндеттемесі мен жауапкершілігі;

8) Банктің ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талап ету құқықтарын кері сатып алуды жүзеге асыру талаптарын, тәртібі мен мерзімдерін;

9) Өзге талаптарды қамтуы тиіс. Оператор ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талап ету құқықтарын банктен пұлдардың түсіне қарай, сонымен қатар студенттер шығарған қабырға газеттері қойылып және Абай шығармалары жазылған кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Жаңа оқу жылы басталысымен жатақханаға қолы жетпей қалған студенттердің пәтер іздеп сандалатыны рас. Осынау мәселені түбегейлі жоюда Елбасы өзінің «Бес әлеуметтік бастамасында» Қазақстанда 2020 жылға дейін 75 мың орындық жатақхана салуды тапсырды. Құзырлы органдарға төрт жылдың ішінде мұндай көлемді игеру оңай жұмыс емес. Осы орайда белгіленген міндетке сай биылғы оқу жылынан бастап Студенттер үйін салуда мемлекеттік тапсырыстарды орындау ісіне кәсіпкерлерді қатыстырып, жұмылдыру маңызды. Бұл туралы облыстық әкімдікте «Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» акционерлік қоғамы өкілдерінің қатысуымен өткен семинар-кеңесте атап айтылды.

Толық ақпарат алу үшін +7 (727) 227-20-25 телефон нөміріне хабарласыңыз!

Тобықтай түйін

Баспана мәселесін байыппен шешу үшін мемлекет тарапынан қабылданған бағдарламалар жетерлік. Соның ішінде «7-20-25» мемлекеттік бағдарламасын айтуға болады. Аталмыш бағдарлама биыл іске асырыла бастады. Енді мындаған тұрғын қоныс тойын тойлап, мындаған отбасының тұрмысы түзелуге тиіс. Ендеше, биылғы жылы қарқынды басталған «7-20-25» бағдарламасының арты сыырқұйымшақталып кетпесе, елдегі ағайынның, әсіресе, жас отбасылардың бас ауруына айналған баспана мәселесі оңалады.

Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ, «Qazaq» газеті

ТАҒЫЛЫМ

АБАЙ ДАНАЛЫҒЫН АҢСАҒАНДАР



«АБАЙ ӘЛЕМІ» МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІНДЕ

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің Халықаралық медицина факультеті, Мәдени-шығармашылық жобаларды іске асыру тобы, Тілдік пәндер кафедрасы, кітапхана ұжымы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында профессор-оқытушылар мен студенттерге қандай іс-шара өткізсек тиімді болады деп пікір алысқанда көпшілік «Ақын Абайдың хәкімдігін қалай түсінеміз?» деген сауалды көбірек айтқанын ескере отырып, «Абай әлемі» әдеби-танымдық, музыкалық кеш өткізді.

Әдеби кеш өткізілген «Даңқ залында» Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінен үзінділер жазып ілінген, сонымен қатар студенттер шығарған қабырға газеттері қойылып және Абай шығармалары жазылған кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Жиынды университеттің стратегиялық және корпоративтік даму жөніндегі проректоры Убайдулла Датқаев кіріспе сөзімен ашып, данышпан Абайдың еңбектерін қандай мамандық иесі болса да оқып-үйрену қажеттілігіне, Абай мұрасы адамгершілік құндылықтардың мол қазынасы екендігіне тоқталды.

Кеш қонағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Хәкім Абай» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Жабал Шойынбет Абай қарасөздерінің мәні мен маңызына, ақын Абай мен хәкім Абайдың ерекшеліктеріне талдау жасап, ғылыми-танымдық дәріс оқыды, ұстаздар мен студенттер өздерін толғандырған сұрақтарына жауап алды.

Жалпы медицина, педиатрия, фармация, стоматология факультеттерінің студенттері – Әбдірахман Бекзат, Дина Ерасылова, Алтынай Шопан, Ансам Аффиф Оадет, т.б. Абайдың әні мен күйін орындап, қарасөздерін мәнерлеп айтты.

Тілдік пәндер кафедрасының доценті Төлеубек Қизатулының орындаған «Қараңғы түнде тау қалғып», ХМФ 4 курс студенті Төлеубек Жасұланның орындаған «Көзімнің қарасы» әндерін жиынға қатысушылар тік тұрып шырқады.

Кешті Мәдени-шығармашылық жобаларды іске асыру тобының жетекшісі Салтанат Әйкенқызы қорытындылап, кеш қонағы абайтанушы-ғалым Жабал Шойынбетке С.Ж.Асфендияров ҚазҰМУ ректоры, профессор Талғат Нұрғожиннің «Алғыс хатын» табыстады.

ТҮРКІСТАНДЫҚ ОҚУШЫЛАР «АБАЙТАНУ» МУЗЕЙІНДЕ...

Оқушылардың күзгі каникулын танымдық іс-әрекетпен қызықты өткізу мақсатында Түркістан қаласындағы № 21 жалпы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жақсүгіл Сүлейменова өзі ұйымдастырған «Абай әлемі» клубының 8-10 сыныпта оқитын бір топ мүшелерін Алматы қаласына бастап келді.

Алматымен алғашқы таныстықты Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі «Абайтану» музей-кабинетін аралаумен бастады. «Абайтану» музей-кабинетімен оқушыларды университеттегі «Хәкім Абай» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Жабал Шойынбет таныстырып, Абай мұрасының танымдық қыры мен сырына тоқталып, Хәкім Абай даналығымен оқушыларды сусындатты. Білуге, білімге құштар түркістандық жас өрендерге Жабал Шойынбет атақты абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлының университеттің «Ұлағат» баспасынан шыққан «Абай лұғаты» кітабын сыйға тарта, топ жетекшісі Ж.Сүлейменова мектептеріндегі Абайға арнайы арнаған «Шамшырақ» қолжазба газеті мен төс белгісін сыйлады.

Абай аталарының даналығына қаныға түскен білім мен өнер қуған оқушылар Алматы қаласындағы Ұлт-аспаптар мұражайына бет алды...

«QAZAQ» ЖАЗЫП ЕДІ...



БАТЫР ТҰҒЫРҒА КӨТЕРІЛДІ

Атақты Қобыланды батырдың ескерткіші Қостанай қаласында орнатылғаны және қаланың үлкен көшелерінің бірі Қобыланды батырдың есімімен аталғаны туралы «Qazaq» газеті бұдан бұрын жазған болатын.

Қостанайда өткен ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинақталған «Қобыланды батыр» деп аталған кітап та жарық көрді.

Қостанай өңірі қара қыпшақ Қобыланды батырдың ұрпақтары мекен еткен киелі жер. Жақында Қарабалық ауданы орталығында Қобыланды батырдың немересі Қарабалық батырға ескерткіш орнатылды. Қарабалық батыр туралы материал да «Qazaq» газетінің биылғы жылы шыққан сандарының бірінде жарық көрген еді. Газет көтерген мәселе оң шешімін тауып, нәтижелі болғанын газет оқырмандарына қуанышпен хабарлаймыз.

РЕДАКЦИЯ



Адам құқығына үлкен үлестерін қосқан Шарль Луи Монтескье, Иммануил Кант, Томас Джефферсон сияқты ойшылдар адам құқықтарының негізгі ережелерін алғаш рет анықтап, белгілесе, өзіміздің ойшылдарымыз Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би және Абай Құнанбайұлы адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаған. Адам дүниеге келгеннен кейін, оның өмірін, денсаулығын, тыныштығын біздің мемлекетіміздің Ата Заңы – Конституция қорғайды. Ал Ата Заңымыздан басқа тікелей балалардың құқығын қорғайтын Заң бар ма? Бар. 1989 жылдың 20 қарашасында Бала құқықтары туралы Конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымында қабылданып, 1995 жылдың желтоқсан айында Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Бала құқығы туралы Конвенцияға» қол қойды.

АЙТПАЕВА БАЛАЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ҮШІН ҚОЛАЙЛЫ ОРТА ҚҰРАТЫНДАРЫН АЙТТЫ

Өткен айда ҚР Үкіметінің баспасөз орталығындағы брифингте Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Сәуле Айтпаева атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде айтып, балалардың өмірі мен денсаулығына қатысты негізгі мәселелерге назар аударды.

Омбудсмен өз сөзін қазіргі жағдайды сипаттаумен бастады. Елімізде бүгінде 5 млн-нан астам бала бар. Қазақстандық балалар әлемнің 100-ден астам еліндегі балалардың арасында дарындылығы, білімі және зияткерлігі бойынша әлемде 12-ші орынды алады. Қазақстанның нақты жетістіктері мен оң нәтижелері бар: бала туу санының өсуі, балалар өлімінің төмендеуі, мәдениет пен спорттағы, ғылыми қызметтегі әлемдік жетістіктер, олимпиадалар мен байқаулардағы үздіктік.

«Балалар дендері сау әрі бақытты болғанды қалайды және солай болуы да керек. Олар көздеген мақсаттарына тек біздің сіздермен қол ұшын беруіміз арқылы ғана қол жеткізе алады. БАҚ-тан балаларға қатысты түрлі жағымсыз жағдайлардың орын алып жатқанын күнделікті байқап жүрміз. Оларды қайталап айтқым да келмейді, өздеріңіз бәрін біліп отырсыздар», – деді Сәуле Айтпаева.

Балалар омбудсменінің деректері бойынша, бүгінгі таңда республикада балалардың құқықтарын қорғау саласында қажетті заңнамалық база құрылған. Ұлттық заңнаманың негізіне Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясының нормаларына және балаларға қатысты мемлекеттік саясат жөнінде басқа да халықаралық құқықтық құжаттар енген. «Халықаралық деңгейге сәйкес балалар өмірінің сапасын қамтамасыз ету үшін адам құқықтарына қатысты 60-қа жуық халықаралық құжаттар ратификацияланды, олардың 15 балалар құқықтарын қорғауға қатысты», – деді Бала құқықтары жөніндегі уәкіл.

Мемлекет басшысы бағдарламалық құжаттарда мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі ретінде балалардың құқықтарын қорғауды анықтады. БҰҰ-ның Балалардың құқықтары жөніндегі комитеті ұсынымдарына сәйкес 2006 жылы балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін уәкілетті орган – Балалардың құқықтарын қорғау комитеті құрылды. Балалардың құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесін жетілдіру мақсатында 2016 жылдың 10 ақпанында Президент Жарлығымен ҚР Бала құқықтары жөніндегі уәкіл (БҚУ) институты құрылды.

«Мемлекет басшысының бұл шешімі Қазақстандағы баланың құқықтарын нығайтуға және жүзеге асыруға қосылған маңызды үлес және БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі комитетінің ұсынымдарын жүйелі түрде жүзеге асыру болып табылады. БҚУ институты құрылғаннан бастап қысқа мерзім ішінде Республикада балалардың құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесін дамытудың белгілі бір жүйесі құрылғанын мойындау керек», – деді Сәуле Айтпаева.

Балалар қорғаушысының маңызды өкілеттігі – оның мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне ықпал ету құқығы. Балалармен жұмысты ұйымдастыруға тікелей жауап беретін министрліктер мен ведомстволар жағдайға талдау жасап, көмелетке толмаған балалардың проблемалық мәселелерін шешу бойынша нақты шаралар әзірледі.

Брифинг барысында елдегі балалардың құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесі жетілдірілгені аталып өтті. Алайда, балалардың құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесінің әлі де пысықтауға жататын тұстары бар. Мәселен, әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл, мемлекеттік органдар, құқық қорғау органдары, қоғамдық институттар, әрбір азамат, жеке және заңды тұлға отбасы, балалар және отбасылық саясат мәселелері бойынша жұмыс істейді.

Сәуле Айтпаеваның айтуынша, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл тағайындалған уақыттан бастап, яғни осы жылдың екі айында елеулі жұмыстар атқарылған. Айталық, Алматы қаласында алғаш рет үкіметтік емес ұйымдармен бірлескен диалог жүргізілді. Оған ҚР Білім және ғылым министрі, ҚР Денсаулық сақтау министрі, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі және үкіметтік емес ұйымдардың басшылары қатысты. Орал қаласындағы балабақшалары қызметінің мәселесі түйіткілді мәселелер қатарында болды. Мәселе Балалар құқықтары жөніндегі уәкілдің және Батыс Қазақстан облысының әкімі Алтай Көлгіновтің тікелей қатысуымен шешілді. Барлық балалар дереу балабақшаларға қайтарылды.

Сонымен қатар, Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің тікелей айналысуына тиісті негізгі мәселе – азаматтардың өтінімдерін қарау. Екі айға жуық уақыт ішіндегі олардың саны 80-нен асты. Қазақстандықтар балалар омбудсменіне жеке қабылдауларға да келді. Өтінімдердің негізінде Бала құқықтары жөніндегі уәкіл қазіргі қоғамға тән бірнеше үрдісті белгіледі.

«Ең алдымен, отбасылық қарым-қатынас, алимент төлеу міндеттері, әлеуметтік, тұрғын үй құқықтары, отбасы мүшелерінің құқықтық статусы, балаларды тәрбиелеу тәртібі, әлеуметтік сақтау мен білім алу құқығын іске асыру мәселелеріне назар аударғым келеді. Уәкіл ретінде өтінімдерді қарау кезінде қолданыстағы заңнаманың талаптарын түсіндіремін, мәселені шешуге мемлекеттік органдар мен ведомстволарды қосамын немесе биліктің әрекеттеріне шағым беру тәртібін түсіндіремін. ЖАО қандай да бір заңдық құқықтарды немесе азаматтардың мүдделерін дұрыс түсіндірмейтін жағдайлар анық байқалады», – деді Сәуле Айтпаева.

Бала құқықтары жөніндегі уәкіл азаматтардың өтінімдерінен бір-бірін түсініспеушілік, агрессиялық сипаттың байқалатынын атап өтті.

«Бұл балалардың құқықтары мен мүдделерін бұзудың негізгі себептері. Отбасылық қарым-қатынастағы үйлесімсіздік баланың психикалық-эмоционалды күйін және тұлға ретінде өзін-өзі бағалауын төмендетеді. Әкелік және аналық міндеттердің орындалу тақырыбы әлі де көкейтесті мәселелердің қатарында қалып отыр», – деп түсіндірді Сәуле Айтпаева.

Қазақстанның тәуелсіздігі жылдары халықаралық стандарттарға сәйкес балалардың құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесі қалыптастырылды.

«Жоғарыда аталған мәселелердің озық дамыған елдерге де тән екені сөзсіз. Осы мәселелерді шешу үшін мемлекеттік биліктің, қоғамның, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың барлық салаларының күш-жігерлерін біріктіру

БАЛАЛАР ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛАДЫ?

ҚАЗАҚСТАНДА



қажет. Барлық тараптардың тығыз өзара байланысы арқылы балалардың мүдделері мен құқықтарын қорғау үшін қолайлы жағдайлар жасай алатынымызға сенімдімін», – деп түйіндеді Бала құқықтары жөніндегі уәкіл.

“ Мүгедек балаларды әлеуметтік қорғау мен медициналық-педагогикалық түзеу шараларына да көп көңіл бөлінуде. Мүгедек балаларға жеке оңалту бағдарламаларына сай шипажайларда емдеу, арнайы қозғалу құралдары, техникалық көмекші құрылғылар және міндетті тазалық заттары, инвентакси қызметі ұсынылып келеді. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл сайын техникалық (компенсаторлық) құралдар тізбесін кеңейтіп, өзектілігін арттыруға күш салуда. Қазақстанда мүгедек балаларға арналғандарын қосқанда 53 күндізгі сауықтыру ұйымы жұмыс істеп, оларда 1,2 мың балаға қызмет көрсетіледі. Аталған орындарда балалар психологтар мен дефектологтардың, логопедтердің, емдік дене тәрбиесі нұсқаушысының, массаж жасаушылар мен басқа да мамандардың білікті көмегін алуда.

ЮНИСЕФ: МАҚСАТ ПЕН МІНДЕТ

1992 жылы ақпан айында БҰҰ-ның Балалар қоры (ЮНИСЕФ) және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы балалардың жағдайын бағалау үшін тәуелсіз Қазақстан алғашқы миссиясын ұйымдастырды. Бұл миссия ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы қызметінің негізін қалады, оның алғашқы жобасы барлық балаларды қызылшаға және полиомиелитке қарсы егу болды. 1994 жылы Қазақстандағы ЮНИСЕФ Өкілдігін ұйымдастырғаннан кейін ҚР Үкіметі мен ЮНИСЕФ-тің тұрақты бағдарламалары бойынша жұмыс басталды.

Қазақстан Үкіметі мен ЮНИСЕФ-тің бірлескен күштерінің арқасында Мыңжылдық даму мақсаттарының (МДМ) бастапқы үшеуіне қол жеткізу саласында прогресске қол жеткізілді. 2007 жылы ҚР Үкіметі ұлттық басымдықтарды және статистиканы талдау негізінде әзірленген қосымша мақсаттар бар «МДМ плюс» күн тәртібі бойынша өзіне міндеттемелер алды.

1994 жылы 25 қарашада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен БҰҰ Балалар Қоры арасындағы ынтымақтастық туралы негізгі келісім 2001 жылғы 10 сәуірдегі № 176-II ҚР Заңымен ратификацияланды.

2014 жылы 18 ақпанда Астанада БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) өкілі Джун Куита және Адам құқықтарды жөніндегі уәкіл Асқар Шакиров Қазақстандағы балалардың құқықтарын қорғау және ынталандыру саласындағы өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойды. Қазақстандағы ЮНИСЕФ қызметі келесі үш негізгі бағытқа негізделген: 1. Әлеуметтік саясат және білімді басқару. ЮНИСЕФ балалар мен әйелдер, сонымен қатар маргиналдық және осал топтардың жағдайына қатысты ақпаратты жинауға қолдау көрсетеді. Қазақстандағы ЮНИСЕФ өкілдігі ұлттық даму бағдарламасы, стратегиялар, қазақстандық заңнама және балалар мен әйелдер құқығына қатысты қоғамдық бастаманы қамту және ықпал ету саласын зерттейді. 2. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы және дамуы. 2002 жылдың маусымында (2011 жылы қайтадан) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы және ЮНИСЕФ Қазақстанды полиомиелиттен еркін ел ретінде сертификаттады. 3. Балаларды қорғау. Қазақстандағы балалардың құқықтарын қорғау саласында отбасыны сақтау, әлеуметтендіру және сауықтыру бойынша оларға мерзімді көмек көрсету мақсатында қауіп бар топтағы отбасын ерте анықтау мәселелері шешілмеген болып табылады.



ЮНИСЕФ жақын болашақта Қазақстандағы, әсіресе шалғай аудандар мен осал қауымдастықтарда өмір сүретін балалардың өмірін жақсарту, сонымен қатар балалардың құқықтарын қорғау саласында ҚР заңнамалық жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстарын жалғастырады.

БАЛАЛАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ – ҰЛТТЫҚ САЯСАТ БАСЫМДЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ

Қазақстан Республикасы ұлттық саясатының негізгі бағыттарының бірі – балалы отбасылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

Бүгінгі таңда елімізде балалары бар отбасыларды қолдаудың ұлттық жүйесі құрылған. Онда бірқатар мемлекеттік жәрдемақылар мен төлемдер жайы қарастырылған.

Анығырақ тоқтасак, бала тууды ынталандыру мен отбасыдағы бала тәрбиесіне қолдау білдіру мақсатында 2003 жылдан бері бала туғанға жәрдемақы мен 2006 жылдан бала бір жасқа толғанша оның күтіміне жәрдемақы тағайындалады. Бұлардың мөлшері отбасыдағы бала санына байланысты есептелуде.

Соңғы 10 жылда (2007-2017 жылдары) бала туғанға қатысты жәрдемақы 7,3 есеге (16 380 теңгеден 118 783 теңгеге дейін), бала күтімі бойынша 4,1 есеге (4 914 теңгеден 20 195 теңгеге дейін) өсті.

2008 жылдан бастап жүктілік пен босану, бала бір жасқа толғанша оны бағу кезінде табыстан айырылған тұста әлеуметтік тәуекел жағдайы туындағанда жасалатын төлем енгізілді. Аталған төлемдер жұмыс істеп жатқан азаматтар үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражатынан жүргізіліп, көлемі орташа еңбекақының 40%-ын құрауда. 2014 жылдан бала бір жасқа толғанша еңбек демалысында болатын әйелдер үшін міндетті зейнетақы жарнасын

Тобықтай түйін

Мемлекет басшысы «Қазақстан – 2050» Стратегияның жоспарында «Балалар – қоғамымыздың ең әлсіз және қорғансыз бөлігі, ал олар құқықсыз болуға тиіс емес. Елбасы ретінде мен әрбір сабидің құқығы қорғалуын талап ететін боламын» деп, балалардың құқығы жиі бұзылатынын және олай болуға тиіс емес екенін айтып, нақты тапсырмалар берген болатын. Президенттің бұл тапсырмасы бүгінде орындалып келеді. Өйткені, мемлекет балалар құқығының барынша қорғалатынына кепілдік береді.

субсидиялау тәсілі қолданыла бастады. Бұл өз кезегінде бала туу қарқынының көтерілуіне ықпал етті. 2006-2016 жылдар аралығы жыл сайынғы сәбилердің жарық дүние есігін ашуы 1,4 есеге (301 756-дан 409 948 балаға дейін) ұлғайды.

Мемлекет тарапынан көпбалалы аналарға да қолдау танытылуда. Мәселен, «Алтын алқа», «Күміс алқа» белгілерімен марапатталған немесе бұған дейін «Батыр ана» атағын алған, одан басқа I және II дәрежедегі «Ана даңқы» орденімен марапатталған, 4 және одан да көп көмелет жасқа толмаған балалары бар көпбалалы аналар мен отбасыларға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленуде. 10 жылда тиісті жәрдемақы 3,2 есеге жоғарылады (2007 жылы 4 259 теңгеден 2017 жылы 14 522 теңгеге дейін). Көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақы 2,4 есеге өсті (2007 жылы 4 017 теңгеден 2017 жылы 9 440 теңгеге дейін).

Әсіресе, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға айрықша назар аударылуда. Мүгедек балаларға арналған мемлекеттік әлеуметтік және арнаулы мемлекеттік жәрдемақйдан бөлек, 2010 жылдан мүгедек бала бағатын ата-аналар мен қамқоршы, асырап алу жақтарға бала көмелет жасқа жеткенше 1,05 төменгі еңбекақы мөлшерінде мемлекеттік жәрдемақы төленуде (2017 жылы 25 682 теңге). Бұдан тыс, жергілікті құзырлы органдардың шешімі арқылы мүгедек балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдеріне үй ішінде оқыту шығындарын жабуға арналған жәрдемақы төленеді (2007 жылы орташа мөлшері 2 202 теңге, 2017 жылы 5 387 теңге, өсім – 2,4 есе).

Аз қамтылған отбасыларды қолдау аясында орта есеппен жан басына шаққандағы айлық табысы азық-түлік себеті құнынан төмен отбасындағы (күнкөріс деңгейінен 60%) 18 жасқа дейінгі балаларға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы төленеді. 2007-2017 жылдар аралығы жәрдемақыны алушылар саны 1,3 есеге азайды (721 292 баладан 576 118 балаға). Сонымен қатар, мемлекет тарапынан жан басына шаққанда орташа кірісі кедейлік шегінен (күнкөріс деңгейінің 40%-ынан) төмен отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек қамтамасыз етілуде. 2007-2017 жылдар мерзімінде атаулы әлеуметтік көмекті алушылар қатары 17,5 есеге азайғаны (505 060 адамнан 28 783 адамға дейін) аз қамтылған отбасылардың кедейлік шегінен шығуы тұрғысында жағымды әсерін байқатуда.

Еске сала кетсек, Мемлекет басшысының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауындағы тапсырмасына сәйкес, 2018 жылдың 1 қаңтарынан бірыңғай жәрдемақы түрі – жаңа сипаттағы атаулы әлеуметтік көмек қолданысқа енгізілді. Бұл жәрдемақыға қазіргі көпбалалы отбасыларға берілетін арнайы мемлекеттік жәрдемақы, аз қамтылған отбасыларға арналған 18 жасқа дейінгі мемлекеттік балалар жәрдемақысы және атаулы әлеуметтік көмек сынды төлемдер біріктірілді.

Жаңа сипаттағы атаулы әлеуметтік көмек әлеуметтік шартқа сай жұмысқа жарамды отбасы мүшелерінің міндетті түрде жұмыспен қамту шараларына белсенді қатысу талабымен, әрбір мүшесіне санағанда табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 50 пайызынан төмен отбасыға шартты және шартсыз қаржылай көмек ретінде беріледі.

ҚР БҒМ БАЛАЛАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ АУМАҚТЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ	
Облыстық департаменттер	Байланыс телефондары
Балалар құқығын қорғау жөніндегі комитет	+7 (7172) 74-25-28
Ұлттық ақысыз телефон желісі	150
Ақмола облысы	+7 (7162) 76-12-80
Ақтөбе облысы	+7 (7132) 56-27-21
Алматы облысы	+7 (7282) 21-17-76
Атырау облысы	+7 (7122) 27-24-53
Шығыс Қазақстан облысы	+7 (7232) 26-46-36
Жамбыл облысы	+7 (7262) 43-85-54
Батыс Қазақстан облысы	+7 (7112) 51-24-85
Қарағанды облысы	+7 (7212) 42-09-97
Қызылорда облысы	+7 (7242) 23-10-88
Қостанай облысы	+7 (7142) 54-00-08
Маңғыстау облысы	+7 (7292) 43-11-66
Павлодар облысы	+7 (7182) 30-01-17
Солтүстік Қазақстан облысы	+7 (7152) 49-38-71
Түркістан облысы	+7 (7252) 32-33-72
Астана қаласы	+7 (7172) 39-04-93
Алматы қаласы	+7 (7272) 64-38-67

Осы орайда отбасының еңбекке жарамды мүшелерінің жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысу-қатыспауына қарамастан балаларды әлеуметтік қолдау іс-қимылдары жалғасын табатын болады.

Мүгедек балаларды әлеуметтік қорғау мен медициналық-педагогикалық түзеу шараларына да көп көңіл бөлінуде. Мүгедек балаларға жеке оңалту бағдарламаларына сай шипажайларда емдеу, арнайы қозғалу құралдары, техникалық көмекші құрылғылар және міндетті тазалық заттары, инвентакси қызметі ұсынылып келеді. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл сайын техникалық (компенсаторлық) құралдар тізбесін кеңейтіп, өзектілігін арттыруға күш салуда.

2009 жылы енгізілген отбасыдағы мұқтаж адамды қолдап, қоғамға бейімделуіне жағдай жасауға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер үлгісі де өз тиімділігін дәлелдеді. Қазіргі кезде жартылай стационар мен үйде қызмет көрсету іс жүзіндегі стационарлық ұйымдардың баламасы болуда және баланың отбасыдағы орнын сақтап қалуға септігін тигізуде.

Қазақстанда мүгедек балаларға арналғандарын қосқанда 53 күндізгі сауықтыру ұйымы жұмыс істеп, оларда 1,2 мың балаға қызмет көрсетіледі. Аталған орындарда балалар психологтар мен дефектологтардың, логопедтердің, емдік дене тәрбиесі нұсқаушысының, массаж жасаушылар мен басқа да мамандардың білікті көмегін алуда. 2016 жылдың қорытындысы бойынша тиісті бөлімшелердің жұмысының арқасында интернат-үйлерден 626 бала отбасына оралса, мүгедек бала тәрбиелеп отырған 693 ана жұмысқа орналасты.

Дайындаған: **Мадияр ӘЗИЗҰЛЫ**, «Qazaq» газеті



СТУДЕНТТЕРДІҢ РУХАНИ БОЛМЫСЫН АРТТЫРУ — БҮГІНГІ КҮННІҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ

↑ **Студенттерді рухани құндылықтарға тәрбиелеу адамзаттық құндылықтармен сабақтасып жатыр. Бүгінгі күні «Жастарды рухани тұрғыда не байытады?» деген сұрақ жиі туындайды. Жастарды рухани байытатын, оның ішкі еркіндігін, тәуелсіз болуын, әлеуметтік кемелденуін, жауапкершілігін қалыптастыратын бұл, әрине, ғылым–білім, халқымыздың тілі, әдебиеті, мәдениеті, өнері мен ұлттық дәстүрлері.**

Қазақтың гуманист педагогы Ыбырай Алтынсарин «Қоғамның руханилығы – оның даму деңгейінің белгісі» деп атап өткеніндей, қоғам дамуы рухани құндылықтардан бастау алуы қажет. «Руханилық» деген ұғым жеке тұлғаның жүректен туындайтын шынайы сезімдерін, жүрек жылуын, кісілік келбетін, адами болмысын танытады. Бүгінгі студент жастар қажетті кәсіби біліктілікті меңгерумен шектеліп қалмай, халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тәлім-тәрбиесінен, ұлт қаһармандарының өмірі мен ерлік істерінен, ұлт зиялыларының даналық сөздерінен рухани құндылықтарды бойына сіңіре білулері қажет.

Мен оқытушы ретінде «рухани жаңғыру» деген ұғымды студент жастарға тұлғалық қасиеттің ашылуы деп түсіндіремін. Әрбір студент «Мен терең білім аламын», «Мен мықты маман боламын», «Менің Отаным», «Менің университетім», «Мен үлес қосамын», «Мен істей аламын», «Мен қиындықтармен күресе аламын, барлық кедергіні жеңіп шығамын», «Мен міндетті түрде еліме пайдамды тигіземін» деп өз мүмкіндігіне сенім арта білуі маңызды екеніне назар аудартамын, бұл әдіс, сөз жоқ, олардың белсенділіктерін арттырады.

Өзіне сенімі мықты жастар тек өзінің ғана емес, сонымен бірге өзгенің әрекеттерін сыни тұрғыда бағалай алады. Олар «қоғам», «мақсат», «мамандық», «шынайылық» деген сөздерге зейін қойып, «адамдық қасиет», «ұлттық мінез-құлық», «мәдениет», «адамға деген сүйіспеншілік», «қайырымдылық» ұғымдарының астарын саралай біледі. Ересек өмірге аяқ баса отырып, студент жастар рухани мәселеде қузыретіп, адамға, қоғамға, қоршаған ортаға деген ізгі қарым-қатынас жасауға дайын болады. Студент жастардың бойынан танылған осындай өзгерістерді байқап отырып, бұл олардың тұлға ретінде өз бетінше әрекет етіп, өзін сенімділікпен бағалауға үйренгенін көреміз.

Студенттердің жеке тұлға ретінде қалыптасуына туған жері, айналасындағы адамдардың өмірі, олардың еңбек етуі, ғылым-білімге ұмтылысы, тұрмысы әсер етеді. Осылайша, олардың адамдармен үйлесімді өмір сүруге бейімділігі дамиды, жеке қасиеттері, қабілеттері ашылады. Олар рухани даму үшін өзімен үнемі жұмыс істеудің, өздігінен білім алудың, өзін-өзі жетілдірудің, өзін-өзі танудың қаншалықты маңызы бар екенін түсінеді.

Бүгінгі жас студент – ертеңгі білікті маман. «Ілім – даладай кең» деген мақалда айтылғандай, танымға, білімге шек жоқ. Терең білім алу, қоғаммен тығыз байланыста болу, өзара сыйластық, өзіне деген сенімділік студенттердің қалаған нәтижеге қол жеткізуіне көмектеседі.

Жаңа кездегі білім берудің өзекті мәселесі студент жастарға рухани тәрбие беру болып табылады. Әрине, жастар бойындағы мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік сияқты қасиеттер отбасынан дарыды. Еңбекке, жақсы қарым-қатынас пен іс-әрекеттерге білім берген ұстаздары, мектебі тәрбиеледі. Осы тәрбиеден студент жас қалыптасты. Жоғары оқу орнындағы ендігі міндет – өзін-өзі басқара алатын, өз бетімен білім алып, дами білетін, жұмысқа бейім, еңбек сүйгіш, белсенді студент тұлғаның қалыптасуын тиімді ұйымдастыра білу. Тиімді ұйымдастырылған оқу-тәрбие үрдісі ғана студент жастар тұлғасының дамуына ықпал жасап, белсенділігін қалыптастыра алады.

Атырау мұнай және газ университетінде студент жастардың рухани тұрғыда тұлға ретінде қалыптасып, мамандықтарына қатысты білім-біліктілік деңгейлерін арттырып, кәсіптік білім алып жатыр. Атырау мұнай және газ университети – еліміздің мұнай-газ саласында жоғары білікті ғылыми инженер мамандар даярлайтын жоғары оқу орны. АТМГУ 35 жылдан аса уақыт ішінде Батыс Қазақстанның білім және ғылым орталығына айналды.

Университет мәртебесін алған оқу ордасы Халықаралық стандарт талаптарына сәйкес сапа менеджменті сертификатна ие болып, Білім және ғылым министрлігінің ЖОО арасында жүргізген рейтингісі бойынша техникалық ЖОО-ның алдыңғы қатарынан көрінді. АТМГУ-нің құрылымында 4 факультет, 20 мамандандырылған кафедра жұмыс істейді. Университет 26 мамандық бойынша бакалавриат және 5 мамандық бойынша магистратура дайындайды. Бүгінгі күні университетімізде орасан қуатты ғылыми қызметкерлер, жоғары білікті зерттеушілер мен ғалым-педагогтар дәріс береді.

Университетте студент жастардың тұлғалық қалыптасуына, кәсіптік білім алуына барлық жағдай жасалған. Студенттердің толыққанды білім алуына арналған мықты материалдық-техникалық база, технопарк, заманауи тұрпаттағы ғылыми-зерттеу зертханалары, профессор оқытушылардың студент жастар үшін ғылыми жұмыстар жүргізетін орталықтары бар. Студенттер үшін ең маңыздылары – кітапхана, студенттік жатақхана, редакциялық-баспа бөлімі, спорттық кешен және мәдениет сарайы бар. Техникалық бағытта білім беретін оқу ордасында болашақ мамандар өз мамандығына қатысты жобалау әдістерін, қазіргі заманғы технологиялар мен бағдарламалау құралдарын меңгереді. Университет қабырғасында әрбір жас маманның жоғары білімді, ғылымашыл, жаңа нәрсе тудыратын, ойлап табатын өнертапқыш болуына барлық жағдай жасалған.

Адам мен қоршаған орта бір-бірімен тығыз байланысты десек, студент пен университетті тығыз байланысты деп айтуға болады. Студент жастар университетте кәсіптік білім ала отырып, қайталанбас студенттік жылдарын өткізеді. Ал студенттік кезеңдерінде студенттер тұлға ретінде қалыптасып, белсенді қоғамдық қызметтер атқарады, олар өз бастамаларымен түрлі сайрат, кештер, байқаулар ұйымдастырады. Салауатты өмір салтына бағытталған түрлі спорттық жарыстар мен спартакиадаларға қатынасып, бақтарын сынайды. Республикалық, облыстық деңгейдегі маңызды тақырыптарда семинар-кеңестерге, конференцияларға, форумдарға қатысады. Рухани-адамгершілік тақырыбында дөңгелек үстел, әңгіме сағаттарын ұйымдастырады, осы тақырыпта бейнефильмдер көріп, оны талдайды.

Әр студентке қамқорлық жасау – бүгінгі күннің және алдағы күндердің талабы. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында қазіргі жаһандану үдерісінде елімізде басекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу ісін басты назарға алу нақты айтылды. Салауатты, дені сау, ұлттық сана-сезімі бай, рухани дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, еңбексүйгіш студент жастарымыз еліміздің ертеңі бола алады. Еліміздің жарықын болашағы – жастар десек, сол жастарымыздың рухани байлығы олардың мінез-құлқы, іс-әрекеті және қарым-қатынасымен сипатталады. Оларды үлкендерді сыйлауға, Отанды құрметтеуге, мамандығын сүюге, айналасына қайырымдылыққа, қоғамда мәдениеттілікке тәрбиелей білуіміз қажет. «Күллі ғажайыптың ішіндегі ең тамашасы – жақсы тәрбиеленген адам» деген ұлы сөз бар.

Жастардың рухани жетілуі үшін біздер, оқытушылар оларға рухани саналықты меңгерту қажеттілігін естен шығармағанымыз жөн. Студенттердің рухани санасы дегеніміз – өзінің өмірдегі, қоғамдағы орынн таба білуі, өз тағдырын, отбасы, қоғам мүшелерінің арасындағы сыйластықты сезінуі.

Қазіргі заманда жастарға рухани тәрбие беру төмендеп кеткендіктен, соңғы жылдары жастарда қатыгездік, бойқуыздік, рухани құндылықтарға деген немқұрайлылық, енжарлық орын алды. Рухани тәрбиенің жұтандығынан әлемдегі соғыстар, адамдардың арасындағы қайшылықтар, алауыздықтар да болып жатыр. Бұл жағдайлар жастардың сана-сезіміне кері әсерін тигізеді. Рухани-адамгершілік тәрбиесі құнсызданса, қоғам дағдарыста болады. Сондықтан, бүкіл әлем адамгершілік, рухани құндылықтарға негізделген жаңа білім беру бағдарламаларын іздестіруде.

Бүгінгі күні жастардың рухани дүниетанымын қалыптастыруда дәстүрлі құндылықтарымыздан алшақтамай, жастардың мамандығын жетік білуіне, өмірде дұрыс жол таңдап, адами құндылықтарға жат нәрселерден қашық болуға үйрету – біздің, оқытушылардың басты міндеті.

Жақсы рухани тәрбие алған жастар саналы қоғам мүшесі, денсаулығы мықты азамат болып қана қоймай, шығармашыл, жаңаша ойлай білетін, өмірдің жақсы жақтарына бетбұрыс жасай отырып, қоғамға өз үлесін қоса алатын тұлға бола алады.

Елбасымыз рухани жаңғырудың, руханияттың ұлтты алға жылжытатын қозғаушы күш екенін баса айтқан болатын. Тәуелсіз еліміздің бақыпты болашағы үшін рухани байлықтың кемел болғаны – әрбір жеке тұлға, одан құралған қоғам, туған еліміз үшін өте маңызды үдеріс.

Любовь САНДЫБАЙ,

Атырау мұнай және газ университетінің аға оқытушысы

↑ **Біз Абай заманы мен дәуірінде ғұмыр кешкен тұлғаларды тану арқылы хәкім айналасын біліп, жұмбақ Абайдың өзіне жақындай түсеміз. Ақын танымының ойшылдық деңгейге жетуі қазақтың байырғы халық ауыз әдебиетімен сусындауы болатын. Ол халық арасында кең тараған ертегі, жыр–дастандарды тыңдаумен, өз дәуірінде жарық көрген кітаптарды оқумен дүниетанымын байыта түсті. Әжесі Зере ел арасында кеңінен танымал ертегішілер мен жыршылардың, айтқыштардың өз аузынан тыңдағаны оның**

▼ **келешекте ақын болып қалыптасуына үлкен әсерін тигізді.**

АБАЙ ЖӘНЕ ЖАНҚҰТТЫ

Абайтану ғылымының білгірі Мұхтар Әуезовтің сөзінше Құнанбай баласы тек қана жыр-дастан тыңдаумен шектелген жоқ. Өз заманына дейінгі би-шешендердің де сөзін құлағына құйып өскен. Сондай сөзге ділмар, өзі дүлдүл шешеннің бірі – Жанқұтты Ботантайұлы. Сонымен атақты Шабанбай биден бата алған Жанқұтты кім? Құнанбайдың замандасы, әрі жақын сырласы болған Жанқұтты шешен туралы архив деректері не дейді? Енді осыған тоқталсақ, көненің көзіндей, көмескіленген сөзіндей болған тарихтың ақтаңдақ беттерін ақтарсақ...

Жанқұтты Ботантайұлын ел арасында «Жақсы Жанқұтты» дейді екен. Халық ішінде «жақсы» етіп, осындай лақап беруі оның жақсыға жақ, жаманға қас болғаны болса керек. Жақсы Жанқұтты 1810 жылы Қарағанды облысының Шет ауданындағы Аюлы тауының баурайында өмірге келген. Бала кезінде ауыл молдасынан оқып, мұсылманша сауат ашады. 1824 жылы әкесі Жанқұттыны Қарқаралы қаласындағы медресеге оқуға береді. Медресені бітіргеннен кейін ел ішіндегі билік, әкімшілік жұмыстарына араласады. Жанқұтты шешен Шабанбай бидің:

«Аллаға жағам десең – азанды бол,
Ағайынға жағам десең – қазанды бол,
Халқыңа жағам десең – әділ бол,
Судай таза бол,
Жердей берік бол,
Өмірің ұзақ болсын,
Аймағың суат болсын,

Сөзің халыққа қуат болсын!» – деген батасын алып, тәлім-тәрбиесін көрген. Өз заманында ел басқарған Құнанбай Өскенбайұлы, Алшынбай Тіленшіұлы, Құсбек төре сынды ел жақсыларымен тығыз қарым-қатынаста болған Жанқұтты шешен екі мәрте 1850, 1873 жылдары қасиетті қажылық сапарын өтейді. 1873 жылы Мекке шаһарында қайтыс болған [Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 3 том. Алматы, 2001 жыл].

Жанқұтты Ботантайұлының алғаш жұртқа танылуы Жамантаймен жауаптасы болатын. Қарқаралыға аға сұлтан болып сайланған Жамантай төре елдің игі жақсыларын жинапты. Сол жыныға бала Жанқұтты да барып қатысады. Мұны көрген Жамантай: «Бұл қатын-қалаш, бала-шағаның өсек айтаын жері емес, алқалы топтың бас қосатын мәжілісі емес пе, мына бала кім?» – депті. Сонда Жанқұтты: «Ғафу етіңіз, кеше келгенде бір үйге қонақ болып дәм таттық, бір ақсақал «еті арық екен» деп тыжырынып отырған -ды. Бүгін мені көріп сіз тыжырынып отырсыз! Сонда бұл қалай? «Адам алжыса – астан шошиды, төре алжыса – жастан шошиды» дегені осы ма? Болмаса, «Асыл тастан шығады, ақыл жастан шығады» деген аталы сөзді аттап кеткеніңіз қай сасқандығыңыз?» – депті. Жамантай төренің қасындағылардың бірі: «Сөзін қара, болайын деп тұрған бала екен!» – дегенде, Жамантай төре жұлып алғандай: «Болайын деп емес, болып тұрған, төрт құбыласы тең түсіп, толып тұрған жас екен, бұдан былай біздің округтің ішіндегі дауға қатысты мәселені осы шешетін болсын», – деп шешім шығарыпты [«Жақсы Жанқұтты». Қарағанды. 1999 жыл]. Ел арасында кеңінен таралып бізге жеткен әңгіме осы.

Жанқұтты Ботантайұлы Абайдың әкесі Құнанбаймен тізе қосып, ел басқару ісінде де үлкен еңбек етеді. Бұған 1847 жылы Құнанбайдың Қарқаралыда «Ғылым іздеген қыр баласы көзін ашатын медресе-мектеп тұрғызу», ел ішінде шариғат жолын берік ұстанып мешіт салдыру ісін қолға алған кезеңде Жанқұтты Ботантайұлының есімі алдымыздан шығады. Бұл құжат абайтанушы Мұздыбай Бейсенбаевтың алғаш тауып жариялаған, 32 парақтан тұратын «Қарқаралы селосындағы мешіт құрылысы жөніндегі іс» деп аталатын архив хаттамасы. Бұл дерек Қарқаралы қаласындағы Құнанбайдың бас болып іргетасын қалаған мешіттің салыну тарихына қанықтыра түседі. Дәл осы құжатта жиырмаға тарта билер мен болыснайлардың тізімінде Әлтеке–Сырым болысынан Жанқұтты Ботантайұлының есімін кездестіруге болады [Бейбіт Сапаралы, «Құнанбай қажы». Алматы, 1995 жыл].

Бұдан бөлек Жанқұтты шешеннің болыс болғаны туралы дерек тарихшы Болатбек Нәсеновтің «Сарыарқадағы – хан ұрпақтары. Болыстыққа таласу» еңбегіндегі «О представлении Окружными Приказами Списковъ о Султанахъ, Бияхъ, Старшинахъ и почетныхъ киргизахъ за 1850 годъ» атты архив құжатында кездеседі. Мұнда: «Джангутты Ботонтаевъ, 43 лет, скромной нравственности и довольно уменъ. Рода Альтеке. Волостной управитель – Альтеке Сарымовской» деп көрсетілсе, жоғарыда аталған еңбектегі Жанқұтты шешеннің болыстықтан кейін Әлтеке-Сырым болысының биі болғандығын дәлелдейтін тағы бір құжатта: «Списокъ Лицамъ пользовавшимъ званиемъ Биевъ до 1854 года и въ настоящее время пользуются таковымъ» делінген Қарқаралы округіне қарасты болыстар билерінің тізімінде: «Алтеке-Сарымовской волости Би Джангутты Ботонтаевъ» деп көрсетілген дерек дабыра болған дауды шешіп, момын мен жетімнің ақысын жемей, әділ болған шешеннің сол кездің өзінде халық ішінен би болып сайлануы Жанқұттының сөзге шешендігін, ділмарлығын тағы бір дәлелдегендей болып көрінеді.

Құнанбайдың аралас-құралас болған адамдарының ішінде өзінің өлер күнін сәуегейлікпен айтатын небір атақты әулиелердің өткенін жақсы білеміз. Бізге жеткен аңыз-әңгімелерге сүйенсек, Құнанбаймен сыйлас болған «Найманның Шәкісі» атанған Шәкі би де қажы ауылына соңғы келген сапарында: «Құнанжан, менің осы ақырғы келуім шығар, маған да уақыт таяу сияқты» деп сездірсе керек. Сонда Құнанбай Шәкіге: «Би, сіздің дүниеден өткеніңізді қалай білемін?» деп сауал тастайды. Сонда «Найманның Шәкісі»: «Ерте дәректе тұрғаныңда төбенен үш аққу ұшып өтеді, содан білесің», – дейді. Содан бірнеше ай өткенде, айтқанындай бір күні ерте дәретке шыққан Қүнекеннің төбесінен үш аққу ұшып өтеді. Мұны көре салып: «Найманның Шәкісі дүниеден өткен екен ғой», – деп ауыр мұңға батып отыра кетеді [Тұрсын Жұртбай, «Құнанбай». Алматы, 2004 жыл].

Осындай тектес әңгіме Жанқұтты шешен мен Құнанбай қажыға қатысты да айтылады...

Ел арасында Құнанбай мен Абайға қатысты адамдардың қажылық сапарын өтегендері туралы да өте көп айтылады. Атақты «Абай жолы» роман-эпопеясында айтылатын Өндірбай қалпе (кейбір дереккөздерде Әндірбай) қажылыққа үш мәрте барған адам есебінде айтылады. Соңғы қажылық сапарын өтеу кезінде сол жақта бақиға көшкен делінеді. Енді бір Құнанбайға қатысты осындай адам ол Жанқұтты Ботантайұлы. Заманында

Тобықтай түйін

Сөз басында айтқанымыздай хәкім Абай ел арасындағы сөзге ұста шешендермен пікірталасқа түсіп, өзіне дейінгі би-шешендердің дау–шарларын да жақсы білгенін ойға тұтуға болады. Бұл Абай Құнанбайұлының өмір сүрген ортасы туралы тағы бір тарихи шындық. Танысқанымыз «Жақсы Жанқұтты» болып ел арасында есімі қалған Жанқұтты Ботантайұлына қатысты тарихтың бір ұшы ғана. Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты даңғайыр даламыздың данышпандары әлі де көп-ақ. Зерттеу, зерделеу алдағы атар танның таразысында деп түйдік.

Қуат ҚИЫҚБАЙ, Абайдың «Жидебай-Берілі» қорық-музейінің ғылыми қызметкері



ЖАНҚҰТТЫ ШЕШЕН



ел ішіндегі дау-шарға араласып, ел басқару ісінде шешендігімен көзге түсіп, Қарқаралыдағы мешіттің салынуына мұрындық болған аға сұлтан Құнанбайдың жақын серігі болған Жақсы Жанқұтты да екі рет қажылыққа барған деседі. Соңғы барарында Құнанбайдың «келесі жылы барайық» деп қолқа салғанында: «Келер жылға қарар едім, ажал қарамайды ғой», – деп жүріп кетеді. Бұл шамамен 1873 жыл болса керек. Сол сапарында Меккеде қайтыс болған.

Ал Құнанбайдың бір жыл өткен соң 1874 жылы бала-шаға, үрім-бұтағымен кеңесіп, жанына өзінің өкіл бауыры Ізғуттыны алып, Қарқаралыдан қасына Өндірбай қалпені ертіп қажыға сапар шеккені белгілі. Жанқұтты мен Құнанбай арасындағы осы бір байланыстан-ақ Жанқұтты шешеннің болашақты болжағыш қасиетінің бар болғанына, әулиелігіне тағы көз жеткізіп отырымыз. Құнанбай қажылық сапарынан қайтарда Жанқұтты шешеннің басында дұға оқып болғаннан кейін: «Жанқұтты, сен жақсы деп мен айтушы едім. Құнанбай, жақсысың деп сен айтушы едің. Ақыры Жанқұтты, сен жақсы болдың. Сенің сүйегің қасиетті Меккеде қалды. Мен алдамшы өмірге қайтып бара жатырмын», – деген сөзі қажы сапарынан соң елдің арасында кеңінен таралыпты.

Қажылық сапарын бірге өтеуді мақсат тұтқан Құнанбай мен Жанқұттының өте жақын, сыйлас болғанын аңғару қиынға соға қоймас. Жанқұтты шешен бірде Құнанбай ауылына қонаққа келгенінде Абаймен жауаптасып, бала Абайдың болашағын болжап, батасын беріпті деседі. Ел ауызында кең тараған әңгіме былай өрбіпті: Бірде аға сұлтан Құнанбайдың үйінде мейман болып отырған Жанқұттыға ауыл молдасынан сауат ашқан, өзі алғыр бала Абай сәлем бере келеді. Құнанбайдың өзі тапқыр, өлең шығаратын баласы туралы естіп жүрген Жақсы Жанқұтты баланы шақырып, қасына отырғызып алғаннан кейін сауал тастайды:

– Шырағым, дүние неге сүйенеді?
– Дүние үмітке сүйенеді.
– Көздің көрмесі бола ма?
– Көз қабағын көрмейді.
– Шам жарығының түспесі бола ма?
– Шам жарығы түбіне түспейді.
– Болат пышақтың кеспесі бола ма?
– Болат пышақ өз сабын кеспейді.
– Тамағына тартпайтын махлұқат бола ма?
– Өз тамағына тартпайтын махлұқат болмайды.

Абай жауыбына риза болған шешен оған өлең түрінде жауап беруін сұрайды. Сонда Абай:

Сіз сұңқар самғай ұшқан қиядағы,
Талпынған мен балапан ұядағы.
Өрнекті өлең сөзбен жауап берсем,
Дүниенің жалғыз үміт тиянағы.
Көз көруі жетпейді қабағына,
Шам жарығы түспейді табанына,
Өз сабын болат пышақ өзі кеспес,
Махлұқат тартпай қоймас тамағына, – деп жауап береді. Ет желініп, қымыз ішілгеннен кейін Абай:

– Сізден сұрақ сұрауға бола ма? – дейді тағы да үзілген әңгімені жалғап.

– Е, шырағым, сұрай ғой, – депті Жанқұтты шешен.
– Арзан не, қымбат не, дауасыз не? – депті Абай.
– Шырағым, арзан – өтірік, қымбат – шындық, дауасыз – көрілік емес пе? Жанарың отты екен – ақындығың шығар, маңдайың жазық екен – ойылыңның шығар, халқыңның қалауы азаматты бол! – деп батасын беріпті.

Халықтың санасында жаңғырып, ел ауызында сақталып бізге жеткен ақын Абай мен Жанқұтты шешеннің тілдескені осы. Қалай болған күнде де Абай мен Жанқұтты кездеспеді деген дүдәмал пікір тұмауы үшін бір ғана нәрсені айтқымыз келеді. Жақсы Жанқұттының Абай заманында өмір сүргені тарихи шындық. Бұған мұрағатта сақталған қазақтың ел басқару, әкімшілік жүйесіне қатысты құжаттары куә. Екінші мәселе Абай мен Жанқұттының кездесуін өмірде болған деп топшылауға болады. Олай дейтін себебіміз Құнанбайдың аға сұлтан болған кезінде болыс болған Жанқұтты Ботантайұлы қажы ауылында қонақ болмады деп тағы айта алмайсыз. Неге десесіз, Абайға қатысты ғылыми еңбектерде елдің бетке шығар қаймақтары Қүнекен ауылында біте қайнасып араласқаны жиі айтылып, жария көріп жүргенін тілге тиек етеміз.

Жалпы, Жанқұтты айтқан сөз деп бізге жеткен шешеннің сөз мұрасын бағамдай қарасақ туындыларынан үш түрлі бағыт байқалады. Бірінші, халыққа қамқор болу, сыртқы дұшпандарынан қорғану үшін жасаған іс әрекеттері. Екінші, ел бірлігін сақтау, ру арасындағы мәселелерді шешу барысындағы әділ қазылық ету. Үшінші, ұрпаққа ұлағатты сөз қалдыру, жастарды тәрбиелеуге айрықша мән беру болып табылады.

ӘН АНЕРІНІҢ

(ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК
СІҢІРГЕН ӘРТІСІ ҒАЗИЗА ЖҰМЕКЕНОВА
ЖАЙЛЫ МӨЛТЕК СЫР)

падишасы

Үйдің сәні мен мәнін келтіріп отырған аяулы анасы Сағатжан апамыз да өте тартымды, мінезі биязы, барын өзгелермен бөлісетін, ұлтымыздың бүкіл асыл қасиеттерін бойына сіңірген мейірімді жан еді.

КӨРГЕН-ТҮЙГЕНІ ЕСІНДЕ ҚАЛДЫ

Бұрынғының келіндері қандай дархан да керемет болған десеңізші. Өзінің алдындағы ақ жаулықты аналарымыздан көріп, біліп өскен, жүрегі нәзік әрі қонақжай Сағатжан апамыз қыздарына ерекше тәрбие берді. Солардан үйренгендерін перзенттеріне сіңіріп, үлкендердің жолын кесіп өтпеді. Сөзімтал да бауырмал апамыз қыздарына: «Алтындарым, сендер қазір қонақсындар. Ертең өскенде бір шаңырақтың ұрпағын жалғастыратын келін боласындар» деп отыратын.

Міне, осы айтылғандардың бәрін бұлар жастайынан көңілдеріне тоқыды. Оның үстіне анасының он саусағынан өнер тамған ісмерлігі де бар еді. Отағасы күні бойы мектепте болғандықтан оның алаңсыз жұмыс істеуіне барлық жағдайды жасады.

Үйдегі шаруалардың бәрін өзі тәп-тұйнақтай етіп орындап, қорадағы ірілі-ұсақты малға да қарап үлгеретін. Қолы босаған сәттері пештің түбінде отырып тігін тігетін. Ғазиза соның бәрін де бақылап, өзі де көп жайға қанықты.

Олар ауылдағы зерделі қонақтар көп келетін шаңырақтардың бірі еді. Алыстан-жақыннан зиялы адамдар ат басын бұрып, бұлардың үй іші үлкен қуанышқа кенеліп жататын.

Жалпы, Сағатжан апамыз қалай есептесек те соған әбден тұратын аяулы кісі-тіп. Өйткені, ол қазақтың батыр ұлы Амангелді Имановтың туысы болып келетінін де оқырмандардың назарына

сала кеткенді жөн деп есептеймін. Нағашы атасы Молдабек кезінде әлгі батыр атамыздың қолбасшысы болыпты. Ал анасының шешесі Дәмөткен Байтөреқызы кезінде күміс көмей, жез таңдай әнші атанып, өзінің айналасындағы халықтың ерекше ықыласына бөленген.

Міне, осындай біртуар жандардың аруағы қолдап, жебеп жүрген де болар. Ғазиза да текті жерден шыққандығын өткен жылдар барысында әбден дәлелдеді. Өйткені, «Өнер де тұқым қуалайды» деген сөз босқа айтылмаса керек.

Ғазизамен бір сұхбатымда ол бойындағы әншілік өнер аса құрметтейтін әкесі Жүмекеңнен дарығандығын ерекше ықыласпен айтып берген болатын.

Әке деген әркім үшін де қымбат. Сол кісі туралы әңгіме барысында

бір сәт ой-толғаныс үстінде қалды. Өйткені, өзінің сонау сағымдай бұлдырап артта қалған балалық шағында оның ерекше еркелеткені, әкелік махаббатына бөлегені есіне түскен болса керек. Оның үстіне Жүмекен Әлменұлы Батыс өңіріне белгілі атақты әншілердің, оның ішінде Мұхиттың қайталанбас туындыларын қолына қазақтың кара домбырасын алып шырқағанда бірге жүрген азаматтар құлақтарын тіге елітіп тыңдап қалатын.

Сол ардақты жан да қазір арамызда жоқ. Ол 80-ге же жақындағанда дүние салды. Ал апамыз Сағатжан бұдан бұрын бақилық болған еді. Әкесінің жанында жүріп шырқаған әндері мұның әлі күнге дейін есінде.

Осындай өнерге деген құштарлық мұны да руханиятқа жанын жақын етті. Өзінің кіндік қаны тамған Байғабыл ауылында өзге сыныптастары секілді мектепті аяқтап, қолына кәмелеттік аттестат алды.

Алайда әкесі Жүмекен қызының мұғалім болғанын қалады. Сондықтан да шығар, ол қазіргі біздің өңіріміздегі талай педагогтардың қара шаңырағы болып табылатын Ыбырай Алтынсарин атындағы Меңдіқара педагогикалық училищесіне құжатын тапсырды.

Жүмекен ағаның бір ауыз сөзін жерге тастамаған ол осы білім ордасын да ойдағыдай тәмамдады. Төрт жыл ішінде таңдаған кәсібін жетік меңгеріп, бастауыш мектеп мұғалімі болып шықты. Ол кезде педучилище шәкірттерін жан-жақтылыққа дайындайтын.

Келешекте өнер адамы боламын деп жүрген бойжеткен осында жүріп музыкалық нота мен оның қыры мен сырын үйренді. Сондықтан да Ғазизаның бойындағы музыка әлемінің негізі аталған училищеді қаланды деп нық сеніммен айтуға толық құқығымыз бар.

Ол кезінде өзіне осындай мәдениет саласының майталманы болып қалыптасуына әрі шыңдалуына септігін тигізген өңірдегі ең қимас та асыл жандар қатарына Байғабыл ауылындағы Ақторсын Әжібаев, Жақсылық Ақышев, Амангелді ауданының орталығында Аманбай Мұқышев секілді жаны жайсаң жандарды ерекше ықыласпен қосады. Әлгі есімі аталған Аманбай ағасы аудан орталығындағы оркестрде ән айтып жүргенде мұның талғамын өсіріп, түрлі өнер сайыстарына қатысуына жағдай жасады.

Сол күндер, сірә, ұмытылар ма?! Ол Меңдіқара педагогикалық училищесін тәмамдаған соң өзінің балалық шағының ізі қалған ауылына оралып, мектепте қатардағы пионер вожатый болып еңбек жолын бастады.

Алайда өнерге деген құштарлық оны өзіне тартты да тұрды. 1975 жылдан бастап әншілікке біржолата ден қойды. Әсем дауысты, кез келген әнді аса бір шеберлікпен орындайтын бойжеткенді аудандық, облыстық байқауларға шақыра бастады. Бұл да олардың сенімін ақтады. Өйткені, жүрделі орындарға ие болып, өзіне деген сенімділігі арта түсті. Оның өмірінде 1977 жылдың орны қашан да бөлек десек орынды болар. Себебі, Алматыда өткен көркемөнерпаздар байқауында жеңімпаз атанып, сол кездегі Қазақстанды басқарған Дінмұхаммед Қонаевтың алдында ән шырқау бақытына ие болған -ды. Сол қазан айы өмірінде өзінің айшықты ізін қалдырды.

Әншінің ғұмырында қазақ халқының ардақты ұлы Еркін Әуелбеков те айрықша орын алады. Себебі, өнер мен мәдениетке жаны құштар көрнекті мемлекет қайраткері Торғай облысына бірінші хатшы болып тағайындалған болатын. Ол ән әлемінде жарық жұлдыздай жарқырап көрініп келе жатқан Ғазиза Жүмекеновані өзіне шақыртып алды. Ел құрметіне бөленген Ерекең бұған облыс орталығы Арқалық қаласының қақ ортасынан үй бергізді. Әншілер қызмет атқаратын облыстық филармонияға жұмысқа қабылданды. Сөйтіп, мұның бағы жанып, Торғай облысындағы атақты «Шертер» фолклорлық-этнографиялық ансамблінің құрамында бүкіл әлемді аралап шықты. Оның еңбегі бағаланып, 1993 жылы тамыз айында сол кездегі облысты басқарып отырған Сергей Кулагиннің тікелей қолдауының арқасында Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі атағын иеленді.

Ол көптеген қазақтың белгілі сазгерлерімен араласты. Шығармашылық байланыста болды. Тіпті, қазақтың бұлбұлы Мәдина Ералиева да бұған ерекше ықыласпен қарады.

Ғазиза жалғыз өнер жолында ғана жүрген жоқ, туған жерінің нағыз патриоты. Өткен жылдарда қол жеткізген табыстарымен қатар аяулы ана атанды. Рауан есімді сүйікті қызы бар. Күйеу баласы Асқар да өте парасатты жігіт. Немересі Жәнібек әжесінің көз қуанышы. Соны көргенше асығып тұрады.

Міне, қазақтың көркем қызы Ғазиза Жүмекенованің ән өнеріндегі ізденістері мен рухани жаңғыруға қосып жатқан үлестері осындай қомақты.

Оразалы ЖАҚСАНОВ,
Қостанай қаласы

САЯСАТ ЭКОНОМИКА БІЛІМ МӘДЕНИЕТ СПОРТ


ЖҰМАДАН
ЖҰМАҒА ДЕЙІН...

☎ + 7 (727) 293 86 73

✉ qazaq1913@nur.kz

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

«ҚАЗАҚФИЛЬМ» КИНОСТУДИЯСЫ «КҮЛТЕГІН» МУЛЬТФИЛЬМІН ҰСЫНАДЫ



ол халқын құтқару үшін түрлі сынақтардан өтеді. Оған Көк Бөрі мен Білге қаған көмекке келеді. Барлығы біріксе, дұшпанды жеңіп, ұлы мемлекетті сақтап қала алады.

Режиссердің айтуынша, қазір телеарналар шетелдік мультфильмдерді көптеп көрсетіп келеді, ол картиналар жас ұрпаққа ешқандай жақсы тәрбие бермейді. Оларда барлығы бар – бояулар, арнайы эффектiлер, батырлар, бiрақ ең бастысы – мағына жоқ. Өзгелерге үлгі болатын біздің батырлар туралы айтатын кез жетті.

«Біздің картинамыз батырлық пен ерлік туралы, халықтың бірлігі мен ата-бабаларымыздың ұйымшылдығы жайлы баяндайды. Күлтегін – бүкіл кезеңнің тарихи тұлғасы. Біздің басты мақсатымыз – сол уақыттың мәдениетін көрсету және мультипликация арқылы жас көрерменнің тарихымызға деген қызығушылығын ояту», – дейді Адай Әбелдинов.

Анимация сценарийін Адай Әбелдинов пен Жәнібек Нұрбекұлы жазды. Қоюшы-суретшілер – Қасиет Сакиолла, Жәнібек Нұрбекұлы және Адай Әбелдинов болды. Кеңесшілер – филология ғылымдарының кандидаты марқұм Едіге Тұрсынов пен Тамара Мұқанова.

8 қарашадан бастап отандық «Оңтүстікке сапар» фильмі көрерменге жол тартты. Жобаның режиссері дебютант Ержан Қабдуллин болды, ол бұрын отандық әртістер үшін музыкалық бейнебаяндар түсіріп жүретін. Комедия бір кәсіпкердің бұйрығымен Алматыдан Шымкентке баратын үш дос жайлы баяндайды. Олар жол бойында жаңа таныстарды жолықтырып, жағымсыз жағдайларға тап болады. Кейіпкерлер бөтен қалада тығырықтан шығар жолды таба алар ма екен? Картина продюсерлігімен Арман Райқұлов айналысты. Шытырман оқиғалы комедияның сценарийін Бекзат Дүйсенов пен Нұрсұлтан Төребеков жазды. Картинадағы рөлдерді Дәулет Бейсембек, Нұрсұлтан Төребеков, Арман Райқұлов, Аманғали Сылабеков, Қайрат Оразбеков, Николай Ашуров, Бекзат Дүйсенов сомдады. Сонымен қатар, көрермендер Мөлдір Әуелбекованы, рэп-орындаушы Baller мен қазақ күресінен Азия және әлем чемпионы Бейбіт Ыстыбаевты көре алады.

НҰРТАС АДАМБАЙДЫҢ «ҚҰДАЛАРЫН» ҚАЗАН КӨРЕМІЗ?



Продюсер әрі режиссер Нұртас Адамбай «Құдалар» атты жаңа фильмінің постерін ұсынды. Отбасылық комедия үлкен экранға ағымдағы жылдың 27 желтоқсанында шығады.

Афишада комедияда басты рөлді сомдаған Динара Бақтыбаева, Олжас Рымбаев, Дархан Дайырбек, Жан Ізбасар, Райхан Қалиолдина және әйел образында Нұртастың өзі бейнеленген.

Сюжетте отбасы болуды ұйғарған Данияр мен Диана суреттеледі. Бірақ, олардың алдында бір мақсат бар – некелеріне қарсы болған ата-аналарын табыстыру. Дианының анасы шымкенттік күйеу баланы ұнатпайды, ал күйеу баланың анасы Райхан «жақсы келін – шымкенттік келін» деп есептейді, сондықтан алматылық келінді қабылдағысы келмейді. Жас жұп жақындарының қарсылығына қарамастан махаббаттарын сақтай ала ма? Міне, жаңа фильмнен осы сұрақтың жауабын табуға болады.

Айта кетейік, өткен қазанда Нұртас Адамбай «Хеделсаты» психологиялық драмасын таныстырған болатын. Ал, картина айналымның алғашқы аптасында 8,1 млн теңге көлемінде пайда тапты.

Ағымдағы жылдың 27 желтоқсанынан бастап отандық айналымға «Келін де адам баласы» комедиясының жалғасы шығады. Фильм көрермендерге нағыз жаңа жылдық кеңіл-күй сыйлауды мақсат етіпті. Картина режиссері қайтадан Асқар Ұзабаев болды. Бас продюсер әрі басты рөлді сомдаушы Әсел Сәдуақасованың өзі. Сондай-ақ, таспадағы рөлдерді Данагүл Темірсултанова, Әбунасыр Серіков, Данияр Алшынов және Әмина Малғаждар сомдайды. Актерлік құрамға отандық әншілер Роза Рымбаева және Дильназ Ахмәдиева қосылды. Блогер Динара Рахымбаева да кинода дебют жасады. Картинаның бірінші бөлімі өне мен келіннің арасындағы күрделі қарым-қатынасты және тән мен жанның ауысуын баяндайды. Фильмнің екінші бөлімі де отбасылық тақырыпты қозғайды. Бірақ бұл жолы кімнің жан мен тәні ауысатынын көрермендер келесі айда білетін болады.



Жауапты редактор:
Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

ӘНГЕ ЕРТЕ ҒАШЫҚ БОЛДЫ

Бұл күндері тек Қостанай өңіріне ғана емес, бүкіл елімізге аты шыққан Ғазиза Жүмекеновамен біраз жылдан бері таныспын. Ол кездері де біздің облысымызда өзінің шығармашылық кешін өткізген болатын.

Қашан да өнер қайраткерлері келсе алтын көпір болып жүретін ардақты досымыз, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Қалибек Деріпсалдин мені онымен арнайы жолықтырып, сұхбат жүргізуіме өзінің ықпалын тигізген-ді.

Содан бері де арада қаншама уақыт өтті. Ғазиза бұл күндері Көкшетау шаһарындағы Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының белді әртісі.

Талғамы жоғары көкшетаулық барлық ағайындарымыздың мақтанышына айналған тұлға. Өзінің бойындағы асыл қасиеттерімен осы жердің де бір перзентіне айналып кеткені де қашан.

Биыл да ол өзінің кіндік қаны тамған Торғай және Қостанай аймағындағы бауырларына концерт беру мақсатында шаһарымызда болды. Оны, әрине, өнер десе ішкен асын жерге қоятын жергілікті ағайындар күшәк жая қарсы алды. Облыстық мәдениет басқармасының басшысы Ерлан Қалмаков бастаған руханият жанашырлары ән өнерінің падишасына барлық жағдайды жасады.

Осы арада айтарым, аса мақтағаным емес, залда ине шаншар орын болмады. Ән сүйер қауым аяулы қызын шын мәнінде сағынып, репертуарындағы әсем әндеріне сусап-ақ қалған екен.

Ғазиза да нағыз бабында екендігін үш сағатқа жуық концерт барысында айқын дәлелдеді. Орындайтын әндері де құлаққа жағымды, жүрекке жетеді. Олардың қатары да бұрынғыдан едәуір арта түскен.

Бұл жолы да шығармашылық кеші барша қауымға ұнады. Көрермендердің арасынан еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін көресіз.

Осының өзі атақты әншінің халықтың арасында беделі мен абыройының өте жоғары екендігін айқын дәлелдеп тұрған жоқ па?! Осы шығармашылық кеш «Ән қанатында» деп аталады.

Оның шырқауындағы қайсы туынды болсын өте шынайы шықты. Сондықтан да болса керек, ол жерлестеріміздің жадында ұзақ сақталары даусыз.

Торғайлықтар Ғазизаның дауысын есту үшін жол шалғайлығына қарамастан сонау біраз жерден арнайы келді. Олардың арасынан оның сыныптастарын да, дарынды әріптестерін де байқауға әбден болады.

ӘКЕДЕН ДАРЫҒАН ТЕКТІЛІК

Әрине, Ғазиза талантты ел мойындаған біртуар дарын иесі. Онда қаншама атақ-дәреже, марапатқа ие болып жатса да, менмендік, кеуде көтерушілік, асқақтық секілді жағымсыз қылықтар жоқтың қасы. Сол баяғы қазақы және жайдарлы мінезімен кімді болсын бірден баурап алады. Сондықтан да онымен жүздісіп, дидалрасу кез келген қолына қалам ұстаған менің әріптестерім үшін де үлкен мәртебе.

Оның өткен өмір жолдары да келешекте әнші боламын деп жүрген ұлтымыздың бойжеткендеріне ғұбрат. Өзі 1953 жылы қазіргі Қостанай облысындағы Амангелді ауданына қарасты Байғабыл деп аталатын елді мекенде дүниеге келді.

Өздеріңіз білесіздер, әлгі аталған ауыл өте киелі, бұл жерден қаншама жүрекері елім, халқым деп соққан көрнекті мемлекет, қоғам қайраткерлері, аса дарынды қаламгерлер шыққан.

Ғазиза ұлтымыздың руханиятты жоғары қоятын қарапайым ғана шаңырағында тәрбиеленді. Үйдің иесі ардақты ағамыз Жүмекен сол өзі өскен елді мекенде 50 жылға жуық ұстаздық етті.

Шәкірттерінің бәрі де қазіргі таңда есімдерін ел мойындаған азаматтар. Ағамыз сөз өнерін пір тұтты. Сондықтан да шығар, елді мекеннің ұл мен қыздарына қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп, оларды жастайынан адамгершілікке, ізгілікке баулыды.

Әке қашан да балалар үшін асқар тау. Сол себептен де отбасындағы жеті баланың бәрі де кішкентайларынан оған еліктеп, кәдімгі көркем әдебиетке ерекше ден қойды. Үйде кітаптар мен мерзімді басылымдар көп болатын. Соларды оқып өсті.

Халықтық ауыз әдебиетімізді, атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлттық салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды бойларына ерте сіңірді. Ежелден келе жатқан інжу-маржан құндылықтарымызды айқын сезінді.

Осы әлгі аталған жеті баланың тұңғышы Рамазан есімді ұл болатын. Алайда ол ерте дүниеден өтті. Содан кейінгі екінші перзент бұл күндері бүкіл республикамыздың мақтанышына айналған Ғазизамыз болатын.

Бұл ес білгеннен ата-анасының бір сөзін екі етпей, өзінен кейінгі бауырларына қамқорлық жасап, оларды жетелеп өсірді. Ата-анасының қолғанаты болды.

НЕ? ҚАШАН? ҚАЙДА?



АФИША АФИША АФИША АФИША

18 ҚАРАША. 15:00/19:00. СТУДЕНТТЕР САРАЙЫ
«Сағындырған әндер-ай» ретро ән кеші
Бағасы: 4 000 теңгеден басталады

22 ҚАРАША. 19:30. РЕСПУБЛИКА САРАЙЫ
Ресейлік әнші Стас Михайловтың «Ты и Я» ән кеші
Бағасы: 5 000 – 60 000 теңге

29 ҚАРАША. 19:00. РЕСПУБЛИКА САРАЙЫ
«Melomen» тобының «Сүйгенім бол» атты ән кеші
Бағасы: 2 000 – 10 000 теңге

АВТОРЛАР НАЗАРЫНА!

Көлемі 6 беттен (шрифт 14) асатын мақалалар
«Qazaq» газетіне қабылданбайтынын ескертеміз!



МЕНШІК ИЕСІ:	«МИРАС ИНФО» БАСПАСЫ
РЕДАКЦИЯ ЖӘНЕ АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ:	МАХМУТ НӘЛІБАЕВ
БАС ДИРЕКТОР:	ШЕКЕРБЕК ТАСАЛИЕВ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ДИРЕКТОР:	ҚАЛИ ҚАМБАРОВ
БАС РЕДАКТОР:	ЖАСҰЛАН МӘУЛЕНҰЛЫ
БАС РЕДАКТОРДЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ:	СИВИ МАХМУДИ
БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:	ГҮЛМАРЖАН ҚОСЖАНОВА
КӨРКЕМДЕУШІ РЕДАКТОР:	АЙНҰР ҚАЙРАТЕБЕКҚЫЗЫ
ХАТШЫ-РЕФЕРЕНТ, КОРРЕКТОР:	МАРЖАН ЖАМБАЙ
БӨЛІМ РЕДАКТОРЛАРЫ:	ЖАНАР ДӘУЛЕТҚЫЗЫ ӘЛИЯ ІҢКӘРБЕК МАДИЯР ӘЗИЗҰЛЫ
МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:	СЕРІК ШАЙМАН – ҚОСТАНАЙ АЙБОЛ ҚАРАШЕВ – ТАРАЗ ЖАНСАЯ ШЫҒЫСХАН – АСТАНА
АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:	ҚОҒАБАЙ СӨРСЕКЕВ КЕНЖЕҒАЛИ САҒАДИЕВ СЕРІК ҚИРАБАЕВ САҒЫНДЫҚ САТЫБАЛДИН САЙЛАУ БАЙЗАҚОВ ӘБДИСАФИТ ТӘТІҒУЛОВ ХҰСАЙЫН ҰӘЛИЕВ ГҮЛБАРШЫН СӨРСЕКЕЕВА САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ ҚАЙРОЛЛА МАМЫТАНҰЛЫ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

Алматы қаласы, Әбілхан Қастеев көшесі, № 106 «В» үй

БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕМЕСІ:

☎ +7 (727) 293 86 73	🌐 www.qazaq1913.com
☎ +7 (747) 952 99 63	🌐 @qazaq1913
☎ +7 (702) 101 68 40	🌐 vk.com/qazaq1913
✉ qazaq1913@nur.kz	🌐 «Қазақ» газеті

ГАЗЕТ ҚАЙДА ТЕГІН ТАРАТЫЛАДЫ?

✈ Халықаралық Алматы әуежайы	📍 Б. Майлин к-сі, №02
🚆 Алматы метрополитенінің барлық бекеттері	📍 «Райымбек батыр», «Жібек жолы», «Алмалы», «Абай», «Байқоңыр», «Мұхтар Әуезов атындағы театры», «Алатау», «Сайран», «Мәскеу»
🚆 «Алматы-1» темір жол бекеті «Алматы-2» темір жол бекеті	📍 Станционная к-сі, № 01 Абылай хан даң., № 01
🚌 «Сайран» автобекеті	📍 Төле би к-сі, № 294

ГАЗЕТ ҚАЙДА САТЫЛАДЫ?

«Караван», «Kok tengri», «Алты алаш» дүңгіршектері

ГАЗЕТКЕ ҚАЙДАН ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта», «Еуразия пресс», «Эврика пресс» бөлімшелері

ТАРАЛЫМЫ: 21 000 ДАНА ТАПСҰРЫС: № 1 501/803

Газет «Алматы-Болашақ» (Алматы, Мұқанов к-сі, 223 «В») және «Жибек-Полиграф» (Атырау, Молдағалиев к-сі, 107) баспаханаларында басылды

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп, есепке қою туралы № 16874-Г куәлігі 2018 жылдың 31 қаңтарында берілді. [Алғашқы есепке қою № 6897-Г куәлігі 2006 жылы 07 ақпанда алынды]. Газет 1913-1918 жылдары Алаш арыстары Әбілхан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұнов, Міржақып Дулатовтың ұйытқы болуымен жарық көрді. 2006 жылы Қоғабай Сөрсекеевтің бастамасымен № 266 санынан қайта шықты. Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, авторлардың мақалалары қысқартылғып, редакцияланады. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына, тіліне жауап бермейді. Газетте интернет сайттарының фотолары, inform.kz, baq.kz, kabi.kz, tengrinews.kz ақпараттық агенттіктерінің мақалалары мен деректері қолданылды. Газет әр аптаның жұма күндері жарық көріп, Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында жазылым және бөлшек сауда арқылы таралады.



ӘЖЕСІН АНАСЫ
САНАЙТЫН БАЛА

Ақтөбе қаласындағы қаймағы бұзылмаған өнерлі қазақ отбасында 1994 жылдың мамыражай мамыр айында дүниеге келген Димаш Құдайберген бала кезден ата-әжесінің қолында өскен. Димаштың ата-анасы – танымал әншілер Қанат және Света Айтбаевтар. Алайда туғаннан әжесі бауырына басып, бесікке бөлеп өсіргендіктен, қазақы салт-дәстүрді дәріптеп, бойына сіңірген Димаш өз ата-анасын «аға», «апа» деп атап кеткен.

Ата-әжесі Димашқа кішкентайынан ертегі айтып, сол ертегілер арқылы ой-өрісін дамытуына үлес қосады. Жақсы мен жаманды, зұлымдық пен қайырым-дылықты ажырата білуге тәрбиелейді. Басынан сипап отырып, бұзықтығын қойдырады.

Дерекілік емес, үнемі ата-әженің шексіз мейірімін көріп өскен Димаш кішкентайынан ән айтып, фортепиано мен домбырада ойнайды. Бес жасында музыкалық колледж сахнасында алғаш ән салады. Алты жасында «Айналайын» республикалық байқауының «Фортепиано» номинациясында жеңімпаз атанады.

Димаш Құдайберген өзін жастайынан өнер жолына баулыған жанашыр мәдениет мыйталмандарын ешқашан есінен шығарған емес.

«Бала кезімнен қазақ сахнасында жүрген, өнердің биік шыңдарын бағындыра білген көптеген аға-апаларыма, ұстаздарыма еліктеп өстім. Қазіргі күні азды-көпті жетістіктерге жетіп жатсам, біз секілді жеткіншектерге үлгі бола білген мыйталман жандардың өнеріне сусындап өскенімнің нәтижесі деп білемін», – дейді әнші.

Қолында өскен Димаштың балалық шағы туралы әжесі Миуа Низамутдинова: «Димашты зейнет жасына шыққаннан бастап алдым. Бәріміз бір үйде тұрдық. Әке-шешесі күнде сабақта болады. Бесікте тербетіп өсірдім. Бесіктен шыққаннан соң 10 жасқа дейін біздің қасымызда жатты. Кішкентай кезінде ауырып қалғанда түнімен жылап шығатын. Қанат пен Света жылаған дауысын естіп: «Мама, сен демалып ал. Біз алып кетейік», – деп келеді. Бір-екі рет бергенмін. Бірақ, Димаш болмаса мен ұйықтай алмайды екенмін. Кейін «Сендер ұйықтай беріңдер, мен өзім Димаштың арқасынан қағып ұйықтамасам, ұйықтай алмаймын», – деп алып кетемін. Димаш бала кезінде ерке болды. Қазір де ерке, еркін жүреді. Оған ешкім келмейді, өзі қабазына қарап, түсініп отырады. Әзілқой, мейірімді, қайырымды бала. Қасында жүрген адамдардың бәріне көмектескісі келіп тұрады. Сондай-ақ, сабағына ылғи өзін апаратынымын. Бір күні ата-аналар жиналысына Света барған. Апайы Светаны Димаштың анасы екенін біледі ғой. «Мынау Димаштың мамасы», деп айтады. Теледидардан көріп жүрсіздер», – деп Светаны балаларға таныстырған екен. Содан Димаш: «Апай, бұл менің мамам емес. Менің мамам үйде. Ол мені қырық жетісінде тұған. Бұл менің Света апам. Бұлар мендей баланы туа алмайды», – депті. Осындай да қызық болған. Ол біразға дейін мені туған анасы деп сеніп жүрді. Ата-әже үшін немере – бақыт, тәтті», – деп өткен күннен естелік айтты.

ДИМАШ ТУРАЛЫ
ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Димаш Құдайберген «Айналайын», «Бал-даурен», Астанада өткен «Жас қанат» және басқа да республикалық, халықаралық музыкалық байқауларға қатысқан.

2014 жылы Димаш Ахмет Жұбанов атындағы музыкалық колледжде академиялық ән орындау сыныбын тамамдады. Қазір Астана қаласындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде оқып жүр.

Димаш Құдайберген Қытайдың Шэньчжэнь қаласында өткен «17th Top China Music Awards» шарасында «Халықаралық деңгейдегі танымал әнші» номинациясында топты жарды.

2010 жылы «Байқоңырдың әсем дауыстары» халықаралық фестивалінің І жүлде лауреаты атанса, 2012 жылы «Жас қанат» республикалық жас ән орындаушылар байқауының Гран-при жүлдесіне ие болып, осы жылы «Восточный базар» халықаралық байқауында (Украина) І жүлде лауреаты атанды.

2013 жылы «Мейкин Азия» І халықаралық фестивалінің (Қырғызстан) жеңімпазы болса, Витебск қаласында өткен XXIV Халықаралық эстрадалық ән орындаушылардың «Славян базары – 2015» байқауында (Беларусь) Гран-при жеңіп алды.

2017 жылы Қытайдың «I am a singer» (Мен әншімін) телебайқауына қатысып, сайыстың бірінші күнінде қазылар алқасы тарапынан ең жоғарғы ұпай жинап, жеңімпаз атанған Димаш Құдайберген әлемге әйгілі болды.

Димаш Құдайберген қазақ, серб, итальян, француз, ағылшын, орыс, тағы басқа тілдерде ән орындайды.

24 жастағы әншінің бойының ұзындығы – 1,91 метр. Үйдің тұңғышы, Раушан есімді қарындасы, Әбілмансұр есімді інісі бар.

ДИМАШ ФЕНОМЕНІ

Екі миллиардтан астам көрермені бар атақты азиялық «I am a Singer» байқауы – қытайлық және халықаралық атақты ән байқауларының жеңімпаздары ғана бақ сынап алатын жұлдыздар бәсекесі. Осы әйгілі байқауда бүкіл Қытай халқы ең жас қатысушы Димаш Құдайбергеннің өнеріне тәнті болып, таңдай қақты. «Димаш – Тәңір өзі назарына алған жас әнші» деп бағалаған Қытай мамандарынан басқа әлемдік сарапшылар да «Құдайдың берген сыйы» ретінде аса жоғары бағалады.

Димаш дауысының феномендігі неде? 5 октава дауыс диапазоны әнші туралы Қазақстанның халық

Музыкада мемлекет пен тіл шекарасы болмайды. Ғасырда бір туатын талант иесі Димаш Құдайберген осы қағиданы күллі әлемге дәлелдеді. Қаршадай ғана қазақ баласы ұлы дала елінің өнері мен мәдениетін төрткүл дүниеге паш етіп, миллиардтаған халықты мойындатты. Дала дауысымен дүниені дүр сілкіндіріп, аспан асты елін аузына қаратқан Димаш Құдайберген – «Жәшіктегі жұлдыздың» бүгінгі кейіпкері.

Дұлдұл
Димаш

■ Димаш дауысының құдіреті қай тілде айтса да жүрекке жетеді. Ол жоғары ноталарды жеріне жеткізіп айта алады. Әншіде сирек кездесетін контртенор (еркек дауысының феномені) бар



әртісі әрі вокалдан дәріс беретін білікті ұстаз Лаки Кесолу: «Димаштың дауысы әншілерде сирек кездеседі. Оның дауыс түрі – контртенор деп аталады. Әлемде контртенорлар саусақпен санарлық», – деп жоғары бағасын берді.

Димаш дауысының құдіреті қай тілде айтса да жүрекке жетеді. Ол жоғары ноталарды жеріне жеткізіп айта алады. Әншіде сирек кездесетін контртенор (еркек дауысының феномені) бар. Бұл сирек кездесетін дауыс. Әншіде сопрано, контртенор, контральт сияқты үш дауыстың болуы басты қасиеті. Яғни, әйел мен еркекке тән дауыстардың барлық гаммасы бар.

«Димаштың өздігінен үйрену қабілеті жоғары, дауыс аумағын кеңейтуге де өзі жаттыққан, төрт октава арасында емін-еркін шырқай алады», – дейді анасы Света Айтбаева.

Қытай медиасы Димаш жайында жарыса жазды, жазып та жүр. Өнерде шекара жоқ. Бүкіл әлем бойынша «Димашты қолдаушылар қоғамы» құрылуы – соның жарқын дәлелі.

Димаштың дауысы «қазақ халқы дауысының ұлттық қазынасы» ғана емес, әлемдік брендке айналған дауыс. Оның таланты – Лара Фабиан, Джеки Чан сияқты әлемдік брендке айналған жұлдыздар мойындады. Тарихи есте қалар сәт – Димашты Қытайдың әйгілі киноактері Джеки Чан өз студиясына шақырып танысады. Оған жас әнші ою-өрнекті шапан кигізіп, қазақтың қара домбырасын сыйға тартты.

«ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАН»

Димаш соңғы кездері елде сирек болады. «Қазір қайда, қандай істер атқарып жүр?» деген сауалдарға әнші былайша жауап береді: «Көбіне шетелде жүрмін. «ДимашАли» атты шығармашылық орталығымыз бар. Өнер саласындағы әріптестік аясын халықаралық деңгейде кеңейту мақсатында Еуропа мен Азияның бірнеше шығармашылық бірлестігімен байланыс орнатқан едік. Әртүрлі тілдік ортаға, әр елдің менталитетіне лайықталып жазылған шетелдік, қазақстандық композиторлардың шығармаларымен жұмыс істеп, алғашқы ән жинағымды шығаруға талпынып жүрмін. Шетелдегі гастрольдік турнемді жүзеге асыру мақсатында Қытай, АҚШ, Канада, Жапония, Испания елдерінің музыканттарынан құралған оркестрмен Бейжің қаласында бірнеше ай көлемінде дайындық жұмыстарын жүргізіп, Хунан аймағының орталығы – Шаңша қаласының стадионында ауқымды концертімді бердім. Туған жерім, тұрақты мекенім – Қазақстан. Қай жерде, қай елде жүрсем де, мен, ең алдымен, қазақтың баласымын. Ұлы Абай «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп, көріп, ұстап, татып, ескерсе, дүниедегі жақсы мен жаманды таниды...» дегендей, жас кезде музыкалық индустриясы жақсы жолға қойылған, телевизиялық нарығы аса ауқымды елдерде өнер көрсетіп, озық тұстарын үйрене жүріп, еліміздің ән-күйін насихаттауға үлесімді қоссам деймін. Музыка ұлтқа бөлінбейді, өнер әлемінде шекара жоқ. Халқымыздың ән-күйі көптеген елдерде шырқалып, өнеріміздің көкжиегі кеңейе түссе екен, еліміздің басқа елдермен достық қарым-қатынасы нығая түссе екен деп армандаймын. Мен үшін ең үлкен марапат – ата-анамның жетістіктеріме разы болуы, тыңдармандарымның қуанғаны».

24 ЖАСТАҒЫ ӘНШІ ҚАШАН
ҮЙЛЕНЕДІ?

«Ел мақтаған жігітті, қыз жақтаған» демекші, бүгінде Димаштай дарынды азаматтың жары болғысы келетін

Тобықтай түйін

Ерекше дауыс бояуымен қазақ ән өнерінің сара жолын жалғастырушы Димаш Құдайберген Тәңір өзі назарына алған әнші. Бір ғасырға жуық уақыттан кейін әлемге әнімен әйгілі болған Әміренің жалғасындай болып жарқ еткен жарық жұлдыздың феномені күллі қазақ елінің өнерден кенде емес екенін айғақтайды. Өнерге деген құштарлығымен барлық тыңдарманның сезімін бір арнаға тоғыстыра білген Димаштың даңқына данқ қосылуына тілеулеспіз! Алты алаштың да тілеуі сол!

